



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

РУХЫМЫЗ МЫҚТЫ, МЕМЛЕКЕТТІЛІГІМІЗ МӘҢГІ БОЛСЫН!



ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ!

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні Астанадағы «Қазақ елі» алаңында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған Әскери парад өтті. Мереке мақсаты – майдангерлердің ерлігіне тағзым ету, Тәуелсіз Қазақстан армиясының бүгінгі күш-айбынын көрсету. Ал кеше Мемлекет басшысы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай елордадағы «Отан Ана» монументіне гүл шоғын қойып, қазақстандық майдангерлердің рухына тағзым етті. Президенттік оркестр Мемлекеттік Әнұранды орындап, Құрмет қарауылының ротасы іс-шараға қатысушылар алдынан сап түзеп өтті.

Әскери парадты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы генерал-майор Мереке Көшекбаев басқарды. Бас алаңға 5 мыңнан астам көрермен жиналды. Олардың ішінде соғыс және тыл ардагерлері, дипломатиялық корпус пен халықаралық ұйымдардың өкілдері, депутаттар мен қоғам қайраткерлері, еліміздің әр аймағынан келген делегаттар, әскери-патриоттық клубтардың

жас сарбаздары бар. Әскери парадтың ең қадірлі меймандары – бір топ ардагер-майдангерлерге ерекше құрмет көрсетілді. Әскери парадқа мереке қарсаңында елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Лам қонақ ретінде қатысты. Айта кетейік, «Ақорда» резиденциясында мәртебелі мейманды ресми қарсы алу рәсімі өтіп, екі ел басшылары

шағын және кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Былтыр екі ел арасындағы тауар айналымы 860 миллион долларға жеткен. Тараптар таяу жылдары бұл көрсеткішті 2 миллиард долларға жеткізуге ниетті. Келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар екіжақты ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеретін Стратегиялық серіктестік орнату туралы бірлескен мәлімдеме қабылдады. Мәртебелі меймандар Қазақстандағы Вьетнам мәдениеті күндері аясында ұйымдастырылған концертті тамашалады, қазақ халқының мәдени мұрасын таныстыратын «Этноауыл» көрмесіне барып, төл тарихымызды танытатын бірнеше тақырыптық аймақпен танысты. Экспозицияның әр бөлігі дала өркениетінің ерекшеліктерін паш етеді. Бас хатшы То Лам сәбидің тұсауын кесіп, оның өмірлік жолы ашық болуына тілектік білдірді.

KAZHYDROMET.KZ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

9.05.2025

Түнде: **+17+19 °C**
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: **+28+30 °C**
Көшпелі бұлтты, күннің соңында жаңбыр, найзағай.

10.05.2025

Түнде: **+15+17 °C**
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз: **+23+25 °C**
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Әскери күш-қуат:

ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ҚАРЖЫ

Әлем елдерінің әлеуеті қандай?

Соңғы 5 жылда әлемде қорғаныс саласына бөлінетін қаржы көлемі мен қарулы қақтығыстар саны артты. Бұл туралы SIPRI, ACLED, Global fire power сияқты әлемдік рейтингтер мен зерттеу мекемелері дабыл қағуда. Тынық мұхиты ешқашан қозғалыссыз болмайтыны секілді, әлемде де қақтығыстар тоқтамайды. Алайда, мемлекеттер арадағы түсініспеушілікті өркениетті түрде шешіп, соғысқа жеткізбеуі тиіс. Сондықтан біз Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл толуына орай әлем елдерінің әскери әлеуетін талдадық. Себебі, жүйесіз және шектеусіз милитаризацияның салдары әлемге залал келтіреді.

Рейтинг догма емес

Әлемде бейбітшілік пен қақтығыстарды зерттейтін халықаралық ұйымдар мен институттар көп. Біз солардың ішінде SIPRI, Global fire power сияқты әлемдік рейтингтер мен зерттеу мекемелеріне тоқталамыз. Олардың зерттеу және рейтинг жасау әдіснамасы әртүрлі. Сондықтан зерттеу қорытындысы болып табылатын рейтингтерге догма ретінде қарамау қажет.

2025 жылы 28 сәуірде Стокгольм бейбітшілік мәселелерін зерттеу институты (SIPRI) қорғаныс саласына бөлінетін қаржы бойынша әлем елдерінің рейтингін жариялады. 2024 жылы әлем елдері қорғаныс саласына 2,7 трлн АҚШ долларын жұмсаған. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда, 9,4%-ға көп. Рейтингтегі ТОП-5 мемлекетке барлық әскери шығынның 60%-ы тиесілі. Оларға АҚШ, Қытай, Ресей, Германия және Үндістан кіреді.

№	Мемлекеттер	Қорғаныс бюджеті (2024 ж., АҚШ доллары)
1.	АҚШ	997 млрд.
2.	Қытай	314 млрд.
3.	Ресей	149 млрд.
4.	Германия	88,5 млрд.
5.	Үндістан	86,1 млрд.

Жоғарыда атап өткеніміздей, SIPRI рейтингісіне догма ретінде қарай алмаймыз. Институт мәліметтерінің өзге зерттеулерден айырмашылығы болуы мүмкін екені баяндамада да жазылған. Мысалы, SIPRI бұл шығындардың бәрін «қару-жарақ шығындары» деп есептемеуді ескерткен.

Яғни АҚШ-тың бөлген 997 млрд. долларының бәрі қару-жарақ өндіруге жұмсалмаған. Себебі, институттың әдіснамасы бойынша әскери шығындарға жалақылар мен жеңілдіктерді, операциялық шығындарды, қару-жарақ пен жабдық сатып алуды, әскери құрылысты, зерттеулер мен әзірлемелерді, сондай-ақ орталық басқаруды, қолбасшылық пен қолдауды қоса алғанда, ағымдағы әскери күштер мен іс-шараларға арналған барлық мемлекеттік шығындар кіреді.

Келесі рейтинг Global fire power деректеріне сүйенеді. Төменде біз рейтинг пайда болғалы бері соңғы 20 жылдағы ТОП-5 қуатты елдің өзгеріс динамикасын беріп отырмыз. Кестеде көріп тұрғанымыздай, АҚШ 21 жыл бойы біріншілікті ешкімге берер емес. Екінші және үшінші орынды Ресей мен Қытай алма-кезек иеленуде. Алайда, соңғы жылдары Ресей екінші орыннан түспей келеді.

№	2005	2010	2015	2020	2022	2025
1.	АҚШ	АҚШ	АҚШ	АҚШ	АҚШ	АҚШ
2.	Қытай	Қытай	Ресей	Ресей	Ресей	Ресей
3.	Ресей	Ресей	Қытай	Қытай	Қытай	Қытай
4.	Пәкістан	Үндістан	Үндістан	Үндістан	Үндістан	Үндістан
5.	Үндістан	Біріккен корольдік	Біріккен корольдік	Жапония	Жапония	Оңтүстік Корея



(Депеңкөз: Shutterstock).

Бұл рейтинг әлем елдерінің әскери күш-қуатын мынадай мәліметтерді ескеріп құрастырады:

- Жұмыс күші – халық саны, жұмыс істейтіндердің саны, әскери борышын өтеу жасы, тұрақты әскер, резерв;
- Әскери қару-жарақ – бүкіл әуе, жер, су және өзге де техникалар;
- Қаржы – қорғанысқа бөлінген қаржы, мемлекеттің сыртқы қарызы, халықтың сатып алу қабілеті, шетелдік валюта мен алтын қоры;
- Логистика – аэропорттар, теміржол, тас жол, порттар;
- Табиғи ресурстар – мұнай, газ және көмірді өндіру және тұтыну көрсеткіштері;
- География – жер көлемі, құрлық және су шекараларын қорғау деңгейі.

Көріп тұрғанымыздай, бұл рейтинг көптеген факторларды ескереді. Сондықтан мемлекеттердің шынайы әскери күш-қуатын көрсететіндей көрінуі мүмкін. Сөзсіз SIPRI зерттеуінен әлдеқайда тиімдірек. Алайда, бұл рейтингтер әскердің қақтығысқа дайын болу не болмауын, жауынгерлік рухты, олардың тәжірибесін, басшылық құрамның біліктілігін және өзге де факторларды ескермейді.

Күш-қуат егіз ұғым емес

Қорғаныс саласына бөлінетін қаржы әскери саланың сапасын үнемі арттыра бермейді. Мысалы, Global fire power рейтингінің мәліметіне сүйене отырып 2025 жылғы ТОП-10 мемлекеттің қорғанысқа бөлген қаражаты мен рейтингтегі орындарын салыстырдық.

Төмендегі кестеде көріп тұрғанымыздай, Сауд Арабиясы бюджет бойынша ТОП-5 енгенімен, әскери күш-қуаты бойынша 24-орында. Сол сияқты, Австралия мен Украина да қаржы мен әскери күш-қуат егіз ұғым емес екенін дәлелдеуде.

Мемлекеттер	Бюджеті (2025 ж., АҚШ доллары)	Рейтингтегі орны
АҚШ	895 млрд.	1

Қытай	266,8 млрд.	3
Ресей	126 млрд.	2
Үндістан	75 млрд.	4
Сауд Арабиясы	74,7 млрд.	24
Біріккен корольдік	71,5 млрд.	6
Жапония	57 млрд.	8
Австралия	55,7 млрд.	18
Франция	55 млрд.	7
Украина	53,7 млрд.	20

Мұндай жағдай посткеңестік елдерде де байқалады. Мысалы, Молдова өз бюджеті бойынша жетілікке енгенімен, күш-қуаты жағынан 145 елдің ішінде 134-орында тұр. Сол сияқты, Қазақстан бюджеті жағынан алтыншы болса да, әскери күш-қуаты 15 мемлекеттің ішінде үшінші орында.

Мемлекеттер	Бюджеті (2025 ж., АҚШ доллары)	Рейтингтегі орны
Ресей	126 млрд.	2
Украина	53,7 млрд.	20
Әзербайжан	5 млрд.	60
Өзбекстан	2,8 млрд.	58
Литва	2,3 млрд.	88
Қазақстан	2 млрд.	57
Молдова	1,7 млрд.	134
Армения	1,7 млрд.	91
Эстония	1,4 млрд.	107
Латвия	1,1 млрд.	99
Түрікменстан	1 млрд.	77
Беларусь	1 млрд.	70
Грузия	495 млн.	94
Тәжікстан	446 млн.	108
Қырғызстан	221 млн.	105

Қорыта келе, түрлі рейтингтерге догма ретінде қарамай, олардың әдіснамасын зерттеу керек екеніне көзіміз жетті. Сондай-ақ, бөлінетін қаржы орынды жұмсалса ғана нәтиже болары сөзсіз.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.





ТАРИХИ КӨРМЕ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Наурызбай ауданы Жеңіс күнін атап өтті. Тұрғындар мен қонақтар үшін арнайы концерттік бағдарлама, тарихи көрме және дала асханасы ұсынылды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ашық алаңда өткен мерекелік кеш барысында сахна төрінде патриоттық әндер шырқалып, соғыс жылдарындағы көріністерді бейнелейтін қойылымдар қойылды. Сонымен қатар, көрме ұйымдастырылып, келушілер назарына соғыс ардагерлерінің өмірі, ерлігі мен тылда еңбек еткен жандардың үлесі жайлы тың деректер мен фотоматериалдар ұсынылды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Назира ТОҒЫЗБАЕВА,
Наурызбай ауданының әкімі:

Ерлік шежіресі

Ұлы Жеңістің 80 жылдығын зор құрметпен және ризашылықпен атап өтудеміз. Бұл – жеңісті жақындатқан әрбір жанның алдында тағзым ететін елдіктің,

бірліктің, рухтың мәңгілік мерекесі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, тарихи шындықты сақтау – біздің ұлт алдындағы парызымыз. Батыр бабаларымыздың ерлігі тек өткеннің шежіресі емес, бүгінгі буынның рухани темірқазығы. Асыл ерлікті ұрпақ жадында жаңғырту мақсатында биыл ауданымызда Ардагерлер аллеясы ашылды. Бұл аллея ұрпақтың алғысымен ел есінде сақталатын ерлік шежіресі.

Ақмарал МЕЛИЯҚЫЗЫ,
№138 гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

АТАМНЫҢ ЕСІМІ

бауырластар зиратында жазулы тұр

Ұлы Жеңіс бізге өздігінен келген жоқ. Ол бізге елім деп соққан ерлердің, майданға қару асынып кеткен азаматтардың батылдығының арқасында келді. Соның бірі – менің атам Шыныбек Кенжебаев.



1914 жылдың қаңтар айында дүниеге келген Шыныбек Кенжебаев ерте сауатын ашып, еңбек жолын он жеті жасында бастады. Алғашқыда халық сотының хатшысы, кейіннен аудандық прокуратура тергеушісі болып істеді. Осы кезде мақала, очерк, өлең жазуға құштарлық оны баспасөз қызметіне алып келді. Аудандық «Социалистік малшы» газетінде бір жылдай жауапты хатшы болғаннан кейін, 1937 жылдың ақпанында «Лениншіл жас» редакциясына шақырылды. Соғыс басталғанда өзі сұранып майданға аттанды. Харь-

ковте танкистер даярлау орталығынан өтеді де, талай қиян-кескі ұрыстарға қатысады. 1943 жылдың 13 қазанында Беларусь КСР-інің Ленино селосын азат ету үшін болған шайқаста атамның танкісі жау минасына тап болғанын естідік.

Шыныбек Кенжебаевтың есімі Ленино селосындағы бауырластар зиратына тасқа қашалып жазылған. Әкем Мелия Ұлы Жеңістің 30 жылдығына атам жерленген жерге барып, тағзым етіп қайтты. Ерлер есімі ұрпағымен мәңгі жасайды.

ЖАС САРБАЗ

әскери-патриоттық шеруі



Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай «Ұлы Жеңіс: ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі!» атты қала колледждері студенттерінің арасында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық шеруі өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласының жастары арасында әскери-патриоттық жұмысты жақсарту және әскери-патриоттық тәрбиені дамытуды мақсат тұтқан «Жас сарбаз» әскери-патриоттық жарысы спорттық және әскери ойын түрлерінен

өтті. «Кешегі Ұлы Жеңіс болмағанда бүгінгі бостандық пен тәуелсіздік болмас еді!» деген ұранмен өткен сайыстың негізгі мақсаты – Қазақстан халқының фашизмге қарсы күрестегі рөлі мен маңызын ашып көрсету болып отыр. Сонымен қатар, аталмыш сайыс жастар арасында сұранысқа ие цифрлық технологиялармен байланысты әскери-патриоттық тәрбиенің жаңа түрлерін

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Көлік қозғалысы:

УАҚЫТША ӨЗГЕРІС енгізіледі

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар аясында 9 мамыр күні Алматыдағы 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында гүл шоқтарын қою салтанаты өтеді.

Осыған байланысты таңғы сағат 07.00-ден 12.00-ге дейін Қонаев көшесі, Жібек жолы, Қазыбек би көшесі, Бәрібаев секілді бірнеше көшеде көлік қозғалысы уақытша шектеледі. Сондай-ақ, Гоголь көшесі бойында Орталық мәдениет және демалыс саябағынан Қонаев көшесіне дейін көлік қозғалысы толығымен жабылады. Бұл аумақтарда автотұрақтар да уақытша жұмыс істемейді. Сондықтан жүргізушілерден көліктерін алдын ала басқа жерге қоюды ойластыруға кеңес береміз.

Қала тұрғындары мен қонақтарының қолайлығы үшін 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағынан бірнеше бағыт бойынша тегін автобус қатынасы ұйымдастырылады. Мерекелік күнге арнайы жоспарланған бұл тасымал – Достық даңғылы (Төле би және Қазыбек би көшелерінің арасы); Абай алаңы – Орталық стадион; Қалдаяқов көшесі (Гоголь көшесінің оңтүстігінде) – Халық Арена; Гоголь көшесі (Қонаев көшесінің бұрышы) – Райымбек батыр даңғылы / Абылай хан көшесі; Қонаев көшесі (Гоголь мен Қазыбек би көшелерінің арасы) – «Сәлем» базары; Гоголь көшесі (Қалдаяқов көшесінен батысқа қарай) – Алматы Арена» бағытында жүреді. Автобустар біржақты қатынайды және қатысушылардың іс-шарадан кейін диттеген жеріне ыңғайлы жетуіне мүмкіндік болады.

Қала әкімдігі тұрғындарды алдын ала маршруттарын жоспарлап, мүмкіндігінше қоғамдық көлікпен қатынауға шақырады. Оқырмандарын қоғамдық көлік маршруттарының нақты өзгерісімен мына сілтеме арқылы таныса алады: <https://t.me/AlmatyJoly/1661>.

9 мамыр – бірліктің, бейбітшіліктің, ерлік пен батыр бабаларға тағзымның символы. Бүгінгі уақытша шектеулер – осындай маңызды мерекеге ортақ қолдау көрсету мен құрметтің белгісі.

Әзірлеген
Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Темірбек РАХМАНОВ,
Автомеханика колледжінің
директоры:

Бұл бағдар маңызды

Біздің колледж негізінен жұмысшы мамандарын даярлайды. Қазіргі таңда Мемлекет басшысының тапсырмасына сай қызу жұмыс жүріп жатыр. Нарыққа сай мамандар даярлап жатырмыз. Әрине, әскери-патриоттық тәрбиелеу жүйесінің тиімділігін арттыруда әскери-патриоттық клубтардың, «Жас сарбаз» сыныптарының қызметін және олардың әскери басқару органдарымен өзара іс-қимылын үйлестіру керек. Сондықтан біздің ұжым бұл бағдарға айырықша маңыз беріп отыр.

дамытып, өскелең ұрпақтың бойында ел азаматының жоғары патриоттық сезімі мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды көздеп отыр. Шерулеткен жастар патриоттық әндер орындады. Салауаттық өмір салтын қалыптастырып, спорттың бірнеше түрінен жарысты.

Жаңагүл ЖАҚСЫБАЕВА,
№39 кітапхана меңгерушісі.



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ЖАРЫҚ ҚАЛА – ҚАУІПСІЗ ШАРА

Қала көшелерінде жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде

Алматы қаласында түнгі жарықтандыруды жақсарту және жарықсыз көшелерді жарықтандыру жұмыстары қарқын алды. Жайлы қала құрудағы маңызды бұл міндетті «Алматы Қала Жарық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны өз міндетіне алып отыр.

Ернұр
РЫСБАЙ

2025 жылдың алғашқы тоқсанында аталған мекеме 12 мыңнан астам шамды ауыстырып, 450 бағана орнатты және 110 шақырым кабель желісін жаңартқан. Бұл – жарық жүйесін кешенді қалпына келтірудің алғашқы кезеңі ғана.

Алматы қаласы әкімінің тапсырмасына сай, жыл соңына дейін жаңадан 15 мың көше шамы қойылып, жарықтандыру деңгейі айтарлықтай артады. Сонымен қатар, қаладағы жаяу жүргіншілерге қауіпсіз де жайлы жағдай жасау үшін парктер, скверлер мен жол жиегінде 5700 аспалы шам орнатылған. Қала сәулетіне ерекше әр беретін жарықтандыру да басты назарда. Алматының ең көрнекті 70 нысаны жарықпен безендіріледі деп жоспарланған.

Жарықтандыру жұмыстарының ауқымы жыл сайын кеңейіп келеді. Биыл жарықсыз қалған аумақтарға 1200 сыртқы жарық желісі тартылмақ. Бұл былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда 10 есе ауқымды. Наурыз айынан бастап, қаладағы басты 7 көше – Әл-Фараби, Абай, Сейфуллин, Төле би, Назарбаев, Әуезов және Наурызбай батыр көшелерінің бойында ұзындығы 60 шақырымнан асатын жарық желілері жаңартылып жатыр. Бұл көшелерге 3 мың шам қойылып, мыңнан астам жаңа бағана орнатылады. Соның арқасында жарық сапасы 2 есе жақсарады. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында 28 панфиловшылар атындағы парк пен оның маңайындағы жарық жүйесі толықтай жаңартылды. Парк ішіндегі 45 шам мен шырақ жаңартылып, Армия үйі маңына 11 үлкен жарық бағанасы мен 22 аспалы шам қойылды. Ғимараттың қасбеті де түсті шамдармен безендірілді.

Алматылықтардың өтініші бойынша, Кіші Алматы өзені бойындағы 5 шақырымдық жарық желісі толық ауыстырылуда. Бұл жұмыс мамыр айында басталды. Қаланың орталығындағы жарықты жақсарту мақсатында жаңа технологиялық шешім – 4 метрлік арнайы тіректер енгізілді. Бұл тіректер ағаш бұтақтарының арасынан жарықты тиімді жеткізуге көмектеседі. Мұндай тіректер Абай даңғылына – 87, Абылай хан көшесіне – 181, Наурызбай батыр көшесіне – 51 дана орнатылды. Келешекте бұл бастама өзге аудандарға да таралады.

Қаланы жарықтандыру бойынша тағы бір маңызды бағыт – жарық жетіспейтін немесе мүлдем жарықтандырылмаған көшелерді анықтау мен жарықтау. Бұл жұмыс кезең-кезеңімен атқарылып келеді. Айталық, Әуезов пен Байзақов көшелерінің (Төле би көшесінен Райымбек көшесіне дейінгі) бұрын жарықтандырылмаған тұсына қо-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Игорь МЫСИК,
ШЖҚ «Алматы Қала Жарық» МКК басшысы:

Жүйені жаңғырту жалғасуда

– Сыртқы жарықтандыру жүйесін ауқымды жаңғырту жалғасуда. 2024 жылдың алғашқы үш айында 12 мыңнан астам жарық нүктесі қалпына келтіріліп, 110 шақырым кабель ауыстырылды, 450 жаңа жарық бағанасы орнатылды. Нәтижесінде көше жарығына қатысты шағымдар 70%-ға азайған. Дегенмен, кейбір сын пікірлер әлі де кездесіп тұрады. 2023 жылы жарықтандыру жүйесін басқарған жекеменшік компаниялар өз міндеттемелерін толық орындамағандықтан, келісім-шарт сот тәртібімен бұзылды. 2024 жылдың қаңтарынан бастап бұл жүйе «Алматы Қала Жарық» МКК басқаруына өтті. Қала әкімінің тапсырмасымен жарықтандыру жұмыстары үш кезеңге бөлінді: бірінші кезең – қолданыстағы желілерді қалпына келтіру; екінші кезең – жарықтандыруды жетілдіру; үшінші кезең – жүйені толық автоматтандыру. Қазіргі таңда 45 мың шам ауыстырылып, 3 мың жаңа бағана орнатылып, 500 шақырым кабель тартылды. Алайда, кей учаскелерде ескі жүйелердің тозуына байланысты ақаулар қайталанып тұрады. Жарық жетіспейтін 1200 учаске анықталып, жаңадан жарық орнатылмақ. Жарықтандыру жүйесін басқаруды оңтайландыру мақсатында 2025 жылға дейін басқару шкафтарының 70%-ы жаңартылады. Қазіргі уақытта 320-сы ауыстырылған. Бұл жарық жүйесінің сенімділігін арттырып, апаттық сөнүлерді азайтуға мүмкіндік береді. Алматының орталығынан бөлек, қалаға кейін қосылған аудандар да назарда. Мысалы, «Түркістан» шағынауданында бұрын мүлде жарық болмаған. Қазір 7 көшеге 90 шам мен бағана орнатылды. 2024 жылы – 120, ал 2025 жылы 1200 жаңа учаске жарықтандырылмақ. Қоғамдық кеңістіктерде де жұмыс жүргізілуде. Панфиловшылар саябағында көктем басындағы ақаулар жедел жойылып, қосымша 22 шам, 11 бағана және 30 сәулеттік прожектор орнатылды. Басқа саябақтарда да кабельдер жаңартылып, жарық жүйелері күшейтілуде.

Қаланың жасыл желектері жарықтандыруға кедергі келтірмеуі үшін ағаштарды санитарлық кесу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, биыл алғаш рет 4 метрлік кронштейндер орнатылып жатыр, бұл ағаш көлеңкесінен жарықтың төмендеуін болдырмауға мүмкіндік береді. Жаяу жүргіншілерге қолайлы жағдай жасау мақсатында тротуарларды жарықтандыруға ерекше назар аударылуда. Жаяу жүргіншілер өткелдерін түнде жарықтандыру қолға алынды. Алмалы ауданында ғана тротуарларға 300-ден астам шам орнатылды.

Сәулеттік жарықтандыру да назардан тыс қалмады. Қалада 70-ке жуық мәдени, білім және әлеуметтік маңызы бар ғимарат қасбеттері жарықтандырылады. Олардың қатарында Құрманғазы атындағы консерватория, ҚазҰУ, Балуан Шолақ спорт кешені бар. Халық шағымдарымен жұмыс күшейтілген. 2024 жылдың алғашқы 4 айында 4300 өтініш қаралды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 70%-ға аз. Ақауларды жою мерзімі 5 күннен аспайды. Бригадалар саны бес есеге көбейіп, тәуліктік кезекшілік жүйесі енгізілді. Сыртқы жарықтандыруды басқарудың жаңа жүйесі – СЖБШ (сыртқы жарықтандыруды басқару шкафтары) орнатылып жатыр. Олар жарық инфрақұрылымын тұрақты және үзіліссіз етіп басқаруға мүмкіндік береді. 2025 жылға дейін 800 шкаф орнатылады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

САПА – ҚОҒАМ СЕНІМІНІҢ ӨЛШЕМІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті жанындағы Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кезекті отырысы өтті.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласындағы №92 лицейде өткен жиынға департамент басшысы Шынарай Әлімхан бастаған ВАЖТ мүшелері, Алматы қаласы Білім басқармасының орта және қосымша білім беру бөлімінің басшысы Ақмарал Айтуарова және 8 ауданның білім мекемелерінің өкілдері қатысты.

Отырыстың күн тәртібінде Алматы қаласы Білім басқармасында жүргізілген



жоспарлы тексеру нәтижелері мен білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсету ба-

рысы қаралды. Жұмыс тобы білім басқармасының есептерімен танысып, алдағы маусым айында 1-сыныпқа құжат

қабылдау мәселелерін жан-жақты саралады. Осы ретте Ақмарал Төлегенқызы ата-аналарға қажетті ақпараттарды қамтитын мазмұнды слайд-көрсетілім ұсынып, қабылдау тәртібін егжей-тегжейлі түсіндірді.

Отырыс барысында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, халыққа түсіндіру жұмыстарын күшейту, сондай-ақ мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы жағдай жасау, инклюзивті білім беруге бейімделген мекемелердің санын арттыру секілді маңызды ұсыныстар айтылды. Сонымен қатар, қамқоршылыққа байланысты бірқатар мәселелер көтеріліп, қатысушылар өз пікірлерін ортаға салды. Ведомствоаралық жұмыс тобы барлық ұсыныстарды назарға алып, болашақта жүзеге асыру үшін нақты шаралар қабылданынын жеткізді.

Жиын қорытындысы бойынша білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтердің ашықтығын, қолжетімділігін және тиімділігін арттыру бағытында жұмысты жалғастыру міндеті қойылды. Бұл бағыттағы үйлесімді шаралар алдағы уақытта қала тұрғындарының мемлекеттік қызметтерді алу процесін айтарлықтай жеңілдетуге ықпал етпек.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЖЕҢІСКЕ – ТАҒЗЫМ, ТАБИҒАТҚА – ҚҰРМЕТ

Шаһарда ауқымды экоакция өтті

Алматыда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында «Алматы – біздің ортақ үйіміз» ұранымен ауқымды жалпықалалық сенбілік ұйымдастырылды. Жеңіс рухына тағзым еткен туған қаласына жанашырлық танытқан жандардың басын қосқан іс-шара Алматының барлық ауданында өтті.

Күннің ашықтығы мен көңілдің көтеріңкі күйі бұл іс-шараның маңызын еселей түсті. Қаланың сегіз ауданы түгел атсалысқан тазалық пен көгалдандыру акциясы елді елең еткізерлік деңгейде өтті. Ардагерлерден бастап жас буынға дейін түгел жұрт қолына күрек, тырма алып, қаланы көркейтуге кірісті. Музыка ойнап, айналаны мерекелік көңіл күй биледі. Қатысушыларға арнайы футболкалар мен бас киімдер таратылып, бірлік пен патриотизмнің үлгісі көрсетілді.

• **Жетісу ауданында** өткен іс-шараға Ұлы Отан соғысының ардагері Илья Григорьевич Кудин мен тыл еңбеккерлері және «Жас сақшы», «Жас сарбаз», «Жас шекарашы» секілді жас патриоттар қозғалысының мүшелері, Ардагерлер кеңесінің өкілдері қатысып, көшет отырғызды. Аудан әкімдігі мен қалалық мәслихат депутаттары іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне ұйытқы болды.

• **Алатау ауданында** «Қарасу» шағынауданындағы саябақта ұйымдастырылған сенбілік ерекше қарқынмен өтті. 100-ден астам адам жиналып, аумақты тазалап, жасыл желекке күтім жасады. Іс-шараға арнайы келген «Алматы әуендері» ансамблінің әншісі Асхат Тарғынов өз сөзінде табиғатты қорғау мен ардагерлерге құрмет көрсетудің маңызын атап өтті: «Ата-бабаларымыздың ерлігі – бүгінгі бейбіт өмірдің негізі. Табиғатты аялау арқылы біз сол ерлікке құрмет көрсетеміз», – деді ол.

• **Түркісіб ауданының** тұрғындары да бұл іс-шараға белсене қатысты. Қалаға кіреберістегі маңызды нүктелердің бірі – әуежай маңындағы көлдің жағасын 500-ге жуық адам тазалады. Аудан әкімінің орынбасары Ермек Әміровтың айтуынша, «Таза Қазақстан» бағдарламасының арқасында тұрғындардың экологиялық мәдениеті артып, сенбіліктерде белсенділік танытатын болды.



Қоғамдық кеңес мүшесі Қайыржан Әбдіхалықов өз сөзінде бұл бастаманың мән-маңызын айшықтап берді:

– Осындай сенбіліктер жастардың экологиялық сауатын арттырып, табиғатты сүйе тәрбиелейді. Бұл – мемлекет пен қоғамның ортақ жауапкершілігі, – деді ол.



Бүгінгі күн – тек сенбілік емес, рухани тәрбиенің, бірліктің, елге қызмет етудің көрінісі болды. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында өткен бұл іс-шара – өткенге тағзым мен болашаққа аманат. Көктемнің нұрымен көмкерілген Алматы бұл күні нағыз патриоттық рух пен елге деген махаббатты паш етті.

• **Наурызбай ауданында** да кең көлемді сенбілік ұйымдастырылды. Сенбілікке аудан тұрғындары, еріктілер, мемлекеттік қызметкерлер, студенттер мен ұстаздар, қоғам белсенділері, мәдениет және спорт саласының өкілдері, сонымен қатар өнер иелері де үн қосты. Өнерпаздар өз әндерімен еңбекке жұмылған жандарға шабыт сыйлай білді. Жиналған жұртшылық қоғамдық аумақтарды, саябақтар мен аулаларды тазалап, ағаш отырғызып, арық жүйелерін ретке келтірді. Бұл күні ауданда жүздеген жасыл көшет отырғызылып, батыр бабалар рухына тағзым етілді. Алматы қаласы әкімдігі тарапынан сенбілікке қажетті барлық құрал-жабдықтар – қолғап, күрек, қаптар, тырмалар мен көшеттер толық көлемде қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, қатысушыларға арнайы футболкалар, кепкалар мен «Жеңіс» естелік ленталары таратылды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бейбіт ШАХАНОВ,
Алматы қаласы әкімінің орынбасары:

«Таза Қазақстан» жобасы – жыл бойы үздіксіз жүреді

Мемлекет басшысының бастамасы аясында, «Таза Қазақстан» акциясы шеңберінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арнайы экологиялық тазалық іс-шарасы өтіп жатыр. Ең басты іс-шаралардың бірі – әр ауданда Ардагерлер аллеясы пайда болды. Ол жерде әр ағаштың астына әрбір ардагеріміздің аты мен белгісі орнатылды. Бұдан басқа, бүкіл қала бойынша жалпықалалық сенбілікке тұрғындар белсенді қатысып жатыр. Олардың қатарында кәсіпкерлер де, мемлекеттік мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдері де бар. Студенттеріміз де белсенді қатысып жатыр. Қаланы тазалау жұмыстары жүргізіліп, ағаштар отырғызылуда. Осының бәрі қаламызды көркейтуді көздейді. Президент бастамасымен жүзеге асырылып жатқан бұл «Таза Қазақстан» жобасы – жыл бойы үздіксіз жүреді. Тек сенбілікпен шектелмейді. Білесіздер, бүгінде әртүрлі акциялар өтіп жатыр. Бұл жұмыс үзілмей, жалғаса береді.

Дәурен БАЙБӨРІ,
Алматы әуендері концерттік бірлестігінің әншісі:

Өз үлесімізді қосқаныма қуаныштымын

Өтіп жатқан бұл іс-шара бәріміз үшін өте маңызды. Біріншіден, бұл – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған ерекше іс-шара. Екіншіден, тазалық – күнделікті өміріміздің маңызды бөлігі. Қаламыз, айналамыз таза болса, жаның да таза болады деп есептеймін. Сол үшін міндетті түрде тазалық сақтауымыз керек. Осы бағытта атқарылып жатқан жұмысқа өз үлесімізді қосып жатқаныма қуаныштымын.

Абзал АРЫҚБАЕВ,
«Арықайым» тобының мүшесі:

Қаламыз әрқашан таза болсын!

Осындай іс-шараларға жиі-жиі қатысып тұрамыз. Биылғы көктемде екінші рет атсалыстық. Жалпы, «Таза Қазақстан» акциясы өте қажетті жобалардың бірі деп есептейміз, әсіресе, Алматы сияқты ірі қалада. Алматылықтарды осыншай іс-шараларға жиі қатысуға шақырамыз.

Бұған дейін басқа жерлерде өткен акцияларға қатысқан едік, ал бүгін – бірінші рет Наурызбай ауданындағы осы әсем саябақтағы сенбілікке қатыстық. Бұл жерге келіп, таңқалып жатырмыз. Алматы жан-жақты дамып келе жатыр. Осындай әдемі саябақтар көбейе берсе, тіптен керемет болар еді. Бүгін Алматы әуендерінің әріптестерімен бірге келіп, өз өнерімізді көрсеттік. Сонымен қатар, ағаш отырғызып, тазалыққа үлес қостық. Қаламыз әрқашан әдемі, таза болсын деп тілейміз!

Інжу ӘНУАРБЕК,
«Алматы әуендері» концерттік бірлестігінің солисі:

Әрбір қазақстандық үшін маңызды іс-шара

Мереке қарсаңында біз «Таза Қазақстан» акциясына қатысып, көшет отырғызып, көшені қоқыстан тазалап жатырмыз. Бұл – әрбір қазақстандық үшін маңызды іс-шара деп ойлаймын, себебі тазалық ең алдымен өзімізден басталады. Мемлекеттік қызметкер ретінде мұндай акцияларға жиі қатысамыз. Қуана-қуана қолдаймыз, өйткені туған елімізді, табиғатымызды сүйеміз. Барша тұрғындарды мұндай игі істерге белсенді қатысуға шақырамын.

Топтаманы әзірлегендер Рая ЕСКЕНДІР, Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Досбол АТАЖАН, Гүлжанат СЕМБАЙ, Ернұр РЫСБАЙ, Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.



ӘСКЕРИ ИНСТИТУТ

ҰЛЫ ҚОЛБАСШЫ СТРАТЕГИЯСЫ

ұлт рухын оятатын ұлы мұра


курсанттардың білімін тереңдетуде маңызды үлгі ретінде қарастырылады. Оның лейтенанттан полковникке дейінгі қызмет жолы – нағыз әскери ерліктің шежіресі. 1941 жылы Мәскеу үшін шайқаста өз батальонымен бірнеше есе көп жау шабуылына төтеп беріп, қарсы шабуылға шыға отырып, неміс әскеріне ойсырата соққы бергені тарихта алтын әріптермен жазылды. Ол бірнеше рет жараланғанына қарамастан, әрқашан жауынгерлерін өзі бастап ұрысқа кірген, оларды темірдей тәртіп пен рухани беріктікке баулыған.

Әсіресе, әскери тарихта «Момышұлы спиралі» немесе «Бауыржан шиыршығы» деген атпен қалған әдіс – ерекше назарда. Бұл – бірегей әскери тактика, қорғаныс пен қарсы шабуылды үйлестіре отырып, жауды шатастырып, оның күшін әлсіретуге бағытталған. Осы әдісті курсанттар оқу-жаттығу барысында іс жүзінде орындап, әскери машықтарын жетілдіруде. Сонымен қатар, курсанттар батырдың мемуарларын, жеке жазбаларын, әскери күнделіктерін оқи отырып, оның ойлау жүйесіне терең бойлайды.

Момышұлының соғыстағы ерен ерлігі мен қолбасшылық шеберлігі – әскери өнердің озық үлгісі. 1941 жылы Мәскеу түбіндегі шайқаста оның басқаруындағы бөлімше бірнеше есе көп жау шабуылын тоқтатып, кері шабуыл арқылы жеңіске жеткен болатын. Бауыржан Момышұлы ұрыстағы төзімділік пен тәртіпке, жауынгердің рухани дайындығына баса мән берді. Ол: «Тәртіп – жеңістің анасы» деген қағиданы өмірлік ұстанымына айналдырды.

Бауыржан Момышұлы – әскери қолбасшы ғана емес, соғыстан кейін әскери ғылым мен әдебиет саласында да есімі кеңінен танылған тұлға. Батырдың шығармалары, ой-орамдары, еңбектері мен тұжырымдары – тек әскери қызметкерлер үшін емес, бүкіл ұрпақ үшін маңызды құндылық. Бауыржан Момышұлының стратегиясы – тек соғыс өнері ғана емес, ұлт рухын оятатын ұлы мұра.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан армиясы үшін Бауыржан Момышұлы – тек тарихи тұлға ғана емес, сонымен қатар ұлттық рух пен патриотизмнің рухани тірегі, символы. Болашақ офицерлердің бойына батырдың ерлігімен бірге, оның терең стратегиялық



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Көмекбай ҚОЙШЫҒҰЛОВ,
Тактика кафедрасының доценті:

Өміршеңдігін әлі де жоғалтқан жоқ

Бауыржан Момышұлының әскери өнерге қосқан үлкен бір үлесі – «Спираль» тактикасы. Қағидаттары: орағытып қорғану – әскерді арлы-берлі орағытып, шегініп бара жатқандай әсер қалдырып, жауды алдап соғу; қарсы шабуыл – жаудың әлсіз, талма тұсына күтпеген жерден соққы беру; психологиялық қысым – өтірік ақпар беру, түнгі шабуыл, бірнәрсеге даярланып жатқандай әсер қалдыру; барды үнемдеу – қолда бар күшті есеппен бөліп, адам шығынын барынша азайту. «Момышұлы спиралінің» маңызын қазіргі өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Осы тактиканың кейбір элементтерін қазір Куба мен Израильдің әскери академиясында оқытып, соғыс кезінде қолданып та жүр. Әскери институтта Бауыржан Момышұлына арналған тематикалық кештер мен естелік іс-шаралар жыл сайын өтеді. «Офицердің жазбасы» мен «Соғыс психологиясы» деп аталатын әйгілі еңбектері курсанттардың қолынан түспейтін кітап. Батырдың еңбектерінде командирдің жауаптылығы, сарбаздың әскери борышы туралы өміршең дүниелер өте көп. Бұл стратегия өміршеңдеген әлі де жоғалтқан жоқ.

Расул БАҚЫТҚАНИЕВ,
курсант:

Нағыз әскери қайраткердің өмір жолы

Момышұлының өмір жолы – нағыз әскери қайраткердің өмір жолы. Ол теорияны, әскери өнердің тәжірибесін, әскери педагогиканы, әскери психологияны байытатындай үлкен мұра қалдырып кетті. Ол кісінің халыққа, ана тіліне адалдығы да өз алдына бөлек әңгіме. «Анамыздың ақ сүтімен дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамыздың тарихын ұмыту» деген сөзі бар. Біз институтта Бауыржан Момышұлының мұрасын зерттейміз. Оның «Москва үшін шайқас», «Офицердің жазбасы», «Соғыс психологиясы», «Біздің отбасымыз» дейтін еңбектерін курсанттар қолынан тастамайды. Оның қай кітабын алсаңыз да, халық туралы, соғыс кезі, сарбаздарды даярлау сияқты ой-толғауға толы. Майдандас достары туралы естелігі де өз алдына бір төбе. Әскердің жылдам, епті кималдауы жаудың мысын басып, жауынгерлердің рухын көтеруге көмектеседі. Екіншіден, жаудың адам күші мен техникасына орасан зор шығын келтіріп, өздері аз шығынмен ұрыстан шығып отырады. Мәселен, танктер мен басқа да техникасына граната лақтырып, минамен жарып жіберіп, өздері дер кезінде кері шегініп кететін. Үшіншіден, жау бар уақытын торуылды жоюға жұмсайтын. Төртіншіден, мұндай «қақпан» жаудың сағын сындырады. Әскери өнер – үлкен өнер. Б.Момышұлы осы өнерді философияға айналдырды. Оның мұрасы курсанттарды баулып, әскери өнердің әліппесін үйретіп, оларды нағыз Отанның қорғаушысы етіп тәрбиелеп жатыр.

танымын сіңіру – ел қорғанысын нығайтудың маңызды қадамы. Қазақстанның әскери оқу орындарында болашақ офицерлерді даярлау ісінде Бауыржан Момышұлының әскери мұрасы – таптырмас тағылым мектебі. Оның соғыс жылдарындағы стратегиялық ойлары мен тактикалық әдістері бүгінгі шым-шытырық соғыс жағдайларында да өз маңызын жоғалтқан жоқ. Батырдың соғыс өнеріне қатысты тосын шешімдері мен терең философиялық пайымдары жас командирлердің әскери ойлау қабілетін дамытып, ұрыс даласындағы шешім қабылдау икемін жетілдіруге ықпал етіп келеді.

Батыр баба мұрасы – тәуелсіз Қазақстан армиясының рухани діңгегі, болашақ офицерлер үшін ақиқат пен қайсарлықтың, ерлік пен батылдықтың адастырмас бағдаршамы.

Т.ДЕРБИСАЛИН.

(Дереккөз: rsk.almaty.kz/kz)



Еліміздің әскери тарихындағы аса көрнекті тұлғалардың бірі – Бауыржан Момышұлы. Оның ел арасында аңызға айналған соғыс кезіндегі ерлігі мен әскери ойлау жүйесі бүгінгі күнге дейін әскери білім мен тәрбие ісінде маңызды бағдар болып келеді. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында шыңдалған батырдың тактикалық шешімдері қазіргі заманның күрделі әскери жағдайларына бейімделіп, жас офицерлердің рухани және кәсіби қалыптасуына негіз болып отыр. Оның стратегиялық көзқарастары бүгінде АҚШ пен Израиль секілді дамыған елдердің әскери оқу орындарында да оқытылып келеді.

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институты – Момыш-ұлы мұрасын терең зерттеп, оны оқу процесіне жүйелі енгізіп отырған жетекші оқу орындарының бірі. Бұл оқу орны Ұлы Отан соғысы кезінде ерекше ерлік көрсеткен Панфилов атындағы 316-атқыштар дивизиясының әскери қимылдарына жан-жақты талдап, ұрыс жүргізу тәсілдерін саралап, оларды оқу-үйрету процесінде кеңінен қолдануға кіріскен. Әсіресе, осы дивизия аясында қолданылған қорғану мен қарсы шабуыл әдістері, жауынгердің ұрыс кезіндегі психологиялық төзімділігі – қазіргі





ҰЛЫ ЖЕҢІС: ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ, ҰРПАҚҚА ҰЛГ

АЛМАТЫ – «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ ҚАЛАСЫ»

2025 жылы 11 сәуірде Алматыда өткен ТМД елдерінің Сыртқы Істер министрлерінің кеңесінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында бірнеше ТМД қалаларына «1941–1945 ж.ж. Еңбек даңқы қаласы» атағы берілді. Олардың арасында үш қаламыз бар: Астана, Алматы, Қарағанды.

Адамдар. Жылдар. Тағдырлар

Алматы қаласы 1941–1945 жылдары ел өмірінде өте маңызды рөл атқарды. Қала көптеген эвакуацияланған адамдарды қабылдады, көптеген зауыттар мен мекемелер орналастырылды, сондай-ақ әскери госпитальдар ашылды. Алматы соғыс уақытында басып алынған жерлерден тылға көшірілген түрлі ұлттар мен ұлыстар, мыңдаған адамдар үшін ортақ мекенге айналды. «Режимді қала» болғанына қарамастан, эвакуацияланғандардың Алматыға қоныс аударуға деген қызығушылығы өте жоғары еді. Эвакуацияланғандар көп келгендіктен, қалада тұрғын үй мен жұмыс орындарының жетіспеушілігі өзекті мәселеге айналды. Келімсектерді қабылдау, орналастыру қиынға соқты. Сондықтан тыл аймақтарына эвакуацияланғандарды орналастыру үшін тұрғын үйді «қысу» практикасы жалғасты, яғни эвакуацияланғандарды жергілікті тұрғындардың үйлеріне орналастырды. Сонымен қатар, кейбір әлеуметтік топтар мен «сенімсіз» деп есептелген отбасыларды қалалардан ауылдық жерлерге көшіру саясаты жүргізілді. Жалпы, Алматы қаласына эвакуацияланған тұрғындар саны туралы 1943 жылдың 1 наурызындағы есепте 26 304 адам көрсетілген, бірақ бұл деректер «толық емес» деп атап өтілген, себебі келген адамдар мен олардың жұмысқа орналастырылуы бойынша нақты есеп жүргізілмеген еді.

Алматылықтардың үндеуі

1941 жылдың 22 маусымында Алматыда митинг өтті. Митингте Алматы қаласының әйелдері «Қазақстанның барлық әйелдеріне, колхозшыларға, жұмысшыларға, мұғалімдерге, медқызметкерлерге, кәсіподақ мүшелеріне, аналар мен мектеп оқушыларының аға-әпкелеріне, Кеңес Одағының барлық патриот әйелдеріне!» үндеу жариялап, эвакуацияланған балаларға көмек көрсетуге шақырды. Үндеуде

«Әйелдер белсенділерінің кеңестерін» құрып, балаларға көмек көрсету, эвакуацияланған баланы өз отбасыларында асырау, мереке және демалыс күндерінде балаларды үйге қонаққа шақырып, оларға көңіл көтеретін іс-шаралар ұйымдастыру, бір күндік жалақысын аударып, балаларға қажетті заттарды сатып алу, киім мен іш киім жинау сияқты бірқатар бастамалар көтерілді. Соғыс жағдайында, барлық ресурстар майданға жіберілген кезде және жергілікті халықтың тұрмысы нашар жағдайда болғанын ескерсек, мұның өзі үлкен адами қасиеттің көрінісі еді.

Соғыс басталысымен қалада 4 әскер қатарына шақыру пункті мен соғысқа дайындық жұмыстарымен айналысатын негізгі орталық – Қорғаныс үйі құрылды. Қала маңында әскери жаттығу полигондары салынып, сол жерде сарбаздар жаппай дайындықтан өтті. Қыздар үшін медбикелер даярлау курстары ұйымдастырылып, 11 мектеп пен 26 қысқамерзімді медициналық курстар, снайперлер, радиистер, жүргізушілер сияқты басқа да мамандықтар бойынша оқу топтары ашылды.

«Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!»

Алматыда майданға аса қажет көптеген жаңа зауыттар салына бастады. 1941 жылы №2 тігін фабрикасы мен мех фабрикасы іске қосылды, 1942 жылы шұжық зауыты, №1 нан зауыты мен Алматы-1 және Алматы-2 стансалары арасында трамвай желісі құрылды, 1943 жылы шай құйғыш фабрика мен бірқатар өндірістік кооперация кәсіпорындары іске қосылды. 1941–1943 жылдар аралығында Алматы қаласында 34 зауыт, фабрика және жеке кәсіпорындардың цехтарының жабдықтары орналастырылды. Олар: ауыр машина жасау зауыты, электротехникалық зауыт, №3 механикалық зауыт, вагон жөндеу зауыты, Мәскеудің суконды фабрикасы, мақта иірім фабрикасы, трикотаж және кондитерлік фабрикалар және басқалары. Осы өндіріс ошақтарының ішінде Алматы машина жасау зауыты (АЗТМ) мен С.М.Киров атындағы Машина жасау зауытына (№175 зауыт) ерекше тоқталғымыз келеді. Соғыс жылдарында Алматыға эвакуацияланған бұл екі қорғаныс кәсіпорны соңғы уақытқа дейін өз атауларын сақтап, өнім өндіріп келді. Мысалы, 2021 жылдың 17 қарашасында 80 жылдығын атап өткен Алматы машина жасау зауыты «Алматинский завод тяжёлого машиностроения», ал С.М.Киров

атындағы Машина жасау зауыты (№175) – «Машиностроительный завод им. С.М.Кирова» деп аталды.

Қалада қандай қару-жарақ өндірілді?

С.М.Киров атындағы Машина жасау зауыты 1942 жылы Махачкаладан эвакуацияланған №182 зауыт (қазіргі «Дагдизель» зауыты) және Тоқмақтағы С.М.Киров атындағы зауыттың негізінде құрылды. 1943 жылы зауыт 53-38У және 53-39 торпедаларын шығаруды бастады. Сонымен қатар, суда қолданылатын гидравлика және автоматика өнімдерін де шығарды, олар барлық әскери теңіз және су асты кемелерінде қолданылды. Зауыт сондай-ақ БМ-12, АМГ, ПЛТ-3 атты теңіз қару-жарағын шығаруды меңгерді. Жерүсті қару-жарағын шығару: роталық және батальондық минометтер, 50 мм және 82 мм миналар, Шпагин пулемет-пистолеті және ай сайын жаңа үлгілердің өндірістік тапсырмаларын асыра орындап отырды. 1943 жылы бұрынғы теңіз қару-жарағын меңгерумен қатар, зауыт жаңа қару түрлерін шығаруды да бастады. 1943 жылы АМД-800, АМД-1000 өнімдері шығарылды. Тоқмақтағы С.М.Киров атындағы зауыт эвакуацияның алғашқы кезеңінде, 1941 жылы №182 зауытына қосылды, сондықтан архивтік құжаттарда бұл зауыт әртүрлі атаулармен кездеседі («Завод №182», «Завод №175», «Завод №175 (182)», «Завод им. С.М.Кирова»). Бірақ ол Қорғаныс өнеркәсіп басқармасының есебінде ресми түрде «Завод №175» деген атаумен тіркелген.

Бұл зауыттың эвакуациясы тарихтағы ең үлкен жобалардың бірі болды. Зауыт тарихында 1942 жылы Кавказдағы шабуылдардан кейін Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті зауытты ішкі аймақтарға эвакуациялау туралы шешім қабылдады. Басты міндет – зауыт жабдықтарын, материалдық құндылықтарды және жұмысшылар құрамын сақтап қалу болды. 1942 жылдың тамызынан қараша айына дейін, теңіз және теміржол тасымалының қиын жағдайында, зауыттың жабдықтары мен жұмысшылар құрамы толықтай Алматыға эвакуацияланды. Зауыт №175-тің құрамында 12 000-ға жуық жұмысшы және олардың отбасы мүшелері келді.

«Теміржол керуені»

Жабдықтарды және адамдарды тасымалдауға 1000-нан астам вагон қажет болды, бұл деректерде «теміржол

керуені» деп аталады. Эвакуацияланған жабдықтар уақытша темекі фабрикасының жертелелеріне, кинотеатрларға орналастырылды, содан кейін цехтар құрылысы басталды. Станоктар мен жабдықтар қабырғалар салынып жатқан кезде орнатылды. Дегенмен, зауыттың барлық цехтары қала бойынша әртүрлі орындарға бөлініп орналасқандықтан, өндірісті ұйымдастыру және жұмыс тиімділігін қамтамасыз ету қиынға соқты.

Цехтардың құрылысын жеделдету үшін Алматыда КСРО Наркомқұрылысының арнайы құрылыс және монтаж бөлімі – ОСМЧ-5 құрылды. Құрылысқа Алматы қаласының тұрғындары, жақын маңдағы ауылдар мен зауыт жұмысшылары жұмылдырылды. Ардагерлердің естеліктеріне қарағанда, олар бірнеше күн бойы құрылыс алаңынан шықпай жұмыс істеді. Қысқа уақыт аралығында олар құрылыс алаңында ұйықтап, жұмыс құралдары мен ағаш жәшіктерде тамақ дайындап, от жағып немесе «буржуйкалардың» көмегімен жылынатын. Түнгі жұмыстарда жарық үшін карбидтен жасалған лампаларды қолданды.

Алматы Машина жасау зауытының (АЗТМ) тарихы да қызық. Ол Ворошиловградтағы «Октябрь революциясы» зауытының қару-жарақ цехының негізінде құрылды. Өндірістік алаңның жетіспеушілігінен зауыт 6-8 км қашықтықтағы үш ғимаратқа орналасты. Дегенмен, барлық қиындықтарға қарамастан, 1942 жылдың ақпанында жабдықтар орнатылып, осы жылдың наурыз айында зауыт әскери мақсаттағы өнімдер – бомбалар миналар және снарядтар шығара бастады.

Өндірістің алғашқы ассортименті 203 мм бетон бұзғыш снарядтары және бетон бұзғыш авиациялық бомбалар болды. Жыл бойы өнім түрлері кеңейтілді. Кәсіпорындар жұмысшылары бар күш-жігерін салып, өздеріне жүктелген міндеттер мен жоспарларды зор құлшыныспен орындауға ұмтылды. Қалада материалдық-тұрмыстық қиындықтар мен эвакуацияланған тұрғындарды орналастыру мәселелері бүкіл соғыс кезеңінде өзектілігін жоғалтпаса да, алматылықтар бар қажыр-қайратымен, ерен еңбектерімен Ұлы Жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосты.

Роза ЖАРҚЫНБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Қазақстан тарихы
кафедрасының профессоры,
тарих ғылымының докторы.



1941–1943 жылдары Алматыда 34 зауыт, фабрика және жеке кәсіпорындар жабдықтары орналастырылды.



С.М.Киров атындағы ҚазМУ оқытушылары әскери жаттығуда.

(Суреттер: «Орталық мемлекеттік кино-фото құжаттар мен дыбыс жазбалары архиві»).

РУХЫМЫЗ МЫҚТЫ, МЕМЛЕКЕТТІЛІГІМІЗ МӘҢГІ БОЛСЫН!



Мемлекет басшысы «Отан Ана» монументіне гүл шоғын қойды



ӘСКЕРИ ПАРАД – 2025:

- Қазақстан Қарулы күштерінің барлық түрінен 4 мыңнан аса әскери қызметкер қатысты.
- Сондай-ақ, арнайы 200-ден аса әскери қару-жарақ пен техника, 66 әскери авиация ұшағы мен тікұшағы әкелінген.
- Алғаш рет механикаландырылған колонналардың сапында «Бук», «Тор» зенитті-ракета кешендері, «Барыс», «Алан», «Айбар», «Таймас», «Террекс» дөңгелекті ұрыс машиналары, минаны залалсыздандыратын роботтары бар арнаулы автокөліктер бар.
- Сонымен қатар, отандық қорғаныс өнеркәсібі кешенінің кәсіпорындары шығаруды жоспарлап отырған ұрыс машиналары, роботтандырылған қайық және ұшқышсыз басқарылатын ұшу қондырғылары таныстырылды.
- Әуе кеңістігінен А-400 әскери-көлік ұшағы, L-410 жолаушылар ұшағы және Би-300 патруль ұшағы ұшып өтті.

ЕЛІМІЗДІҢ ҚОРҒАНЫС ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ – АСА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Президент тұжырымдағандай, «Қазақ халқы – бейбіт халық. «Жаным – арымның садағасы» деген өр намысты, айбарлы ел. Жұртымыздың ерлік дәстүрі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келеді. Алтын Орда, Қазақ хандығы кезіндегі баһадүр бабаларымыз кең байтақ жерімізді қорғап, кейінгі буынға аманат етті. Олардың бүгінгі ізбасарлары қазақтың мемлекеттілігін қас қақпай күзетіп тұр. Айбынды армия – тәуелсіздігіміздің қорғаны. Сарбаздарымыз елдің бейбіт өмірін, тұтастығы мен тыныштығын қорғауда. Қарулы Күштеріміз әлемдегі тұрақтылық пен келісімді сақтауға үлес қосып келеді. Жауынгерлеріміз Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссиясына ойдағыдай қатысуда. Бұл – бүкіл әлемдегі Қазақстан армиясына деген зор сенім. Еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру – аса маңызды міндет».

Қасым-Жомарт Тоқаев армияның күш-қуаты жауынгерлік рух пен темірдей тәртіпке тікелей байланысты екенін қадап айтты. Мінсіз қызмет – елдегі қауіпсіздік пен тыныштық кепілі. Озық ойлы ұлт үшін заң мен тәртіп бәрінен биік. Әр азаматтың бойында Отанға деген адалдық пен әділдік болуы тиіс.

Ел қорғау – абыройлы міндет және зор жауапкершілік. Бұл – әр азаматтың перзенттік парызы. Сіздермен бірге барша азаматтарымыз Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз және Таза Қазақстанды құрып жатыр. Осы тарихи жұмысымыз табысты болсын! Рухымыз мықты, мемлекеттілігіміз мәңгі болсын! Көк Туымыз биікте желбіресін! Қадірлі Отандастар! Ұлы Жеңістің 80 жылдығы құтты болсын! – деп түйіндеді сөзін Мемлекет басшысы.



қазір ортамызда отыр. Құрметті ардагерлер, барша халықтың атынан Сіздерге шын жүректен алғыс айтамын! Аға буын-

ның өшпес ерлігі – ұрпаққа ұлағат. Отаншылдығы мен жанқиярлығы – үлгі-өнеге. Біз Ұлы Отан соғысының ардагерлерін

БЕЙБІТШІЛІК – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМЫЗ!

Әскери парадта Мемлекет басшысы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйледі.

– Бұл мейрам – халқымыздың жауынгерлік рухының символы. Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға құрмет көрсетеміз. Ұлы Отан соғысы бүкіл адамзат үшін өте қиын сынақ болды. Оның зардабы көптеген елге ауыр тиді, солардың ішінде Қазақстан да бар. Қаһарлы күндер соғыстың тек қасірет әкелетінін көрсетті. Бейбітшіліктің баға жетпес байлық екенін ұғындырды. Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлем үшін үлкен сабақ. Біз осы ақиқатты әрдайым есте сақтауымыз керек. Зұлмат кезеңді бастан өткерген майдангерлер



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



МАЙДАНГЕРГЕ ТАҒЗЫМ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Ұлы Отан соғысының ардагерлерін Жеңіс күнімен құттықтады

Қала басшысы шаһарда тұратын Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне сыйлықтар табыстап, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан мерекелік құттықтау жеткізді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен ардагерлерге «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерейтойлық медалін табыс етті.



Досбол
АТАЖАН

101 жастағы Қамбар Әмірұлы Сәрсенов пен оның немересі, келіні мен шөбересі өз шаңырағында қала басшысын қуана қарсы алды. Әкім ардагерге соғыс жылдарындағы ерлігі, еңбекке адалдығы мен қаһармандығы үшін алғыс айтып, зор денсаулық, амандық пен ұзақ ғұмыр тіледі.

Қамбар Әмірұлы 1942 жылы тамызда әскерге шақырылып, үш рет жараланған. Беларусьті, Латвияны, Литваны және Польшаны азат етуге қатысқан. Оның кителі I және II дәрежелі Отан соғысы ордені, II және III дәрежелі «Даңқ» ордені, «Қызыл Жұлдыз» ордені, сондай-ақ, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медалы сынды сан түрлі марапатқа толы.

Қаламызда тұрып жатқан тағы бір ардақты ардагер – Ольга Андреевна Савенко. Ол Алматыда 7-сынып тәмамдаған соң, Ленинградтағы әскери байланыс училищесіне оқуға түскен. Майданға 1941 жылдың қыркүйегінде 18 жасында аттанып, Жеңіс күніне дейін борышын адал өтеген. Ол 1-ші және 2-ші Беларусь майдандарының байланыс полкінде қызмет етіп, Польшаны, Германияны азат етуге және Берлин үшін шайқастарға қатысқан. Көрсеткен ерлігі мен жаңқиярлығы үшін Отан соғысы орденімен, «Кенигсбергті алғаны үшін», «Варшаваны азат

еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін» медальдарымен және басқа да мерейтойлық наградалармен марапатталған.

Шаһар басшысы Ольга Андреевнаға бүгінгі бейбіт өмір үшін алғыс білдірді және оның өмір жолы ұрпақ үшін ерлік пен Отанға деген сүйіспеншіліктің үлгісі екенін атап өтті.

– Сізге қарап, көңілге қуаныш ұялайды. Сіздің көркем мінезіңіз бен өмірге деген құштарлығыңыз бізге шабыт береді – бұл өте маңызды. Ольга Андреевна, өзіңізбен қатар отырып, күлкіңізді көру – үлкен қуаныш. Қазіргі жастардың бойына сіздегі бар қуат пен сергектік дарысын. Сізге шын жүректен зор денсаулық тілеймін, – деді Ерболат Досаев.

Қала әкімі Екатерина Александровна Баранованы да арнайы барып құттықтады. Ол Курск облысында туып-өскен. Екатерина Александровна әскерге шақырылып, 1-ші Украина майданына жіберілген. Ол лазаретте жараланған сарбаздарға қамқорлық көрсетті. Жеңісті

Чехословакияның Карловы Вары қаласында қарсы алған. Ерлігі мен жаңқияр еңбегі үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Праганы азат еткені үшін» медальдарымен және басқа да медальдармен марапатталған.

Шаһар басшысы тағы бір ардагер – Василий Иванович Долбняның үйіне де ат басын бұрды. Ол 1927 жылы Алматы облысында дүниеге келген. 1944 жылы әскерге шақырылып, Қиыр Шығыста барлаушы ретінде қызмет еткен. 1951 жылдың мамырында, алты жарым жыл әскери қызметтен кейін үйіне оралған. Василий Иванович жауынгерлік және еңбектегі ерлігі үшін көптеген орден және медальдармен марапатталған.

Бүгінде Алматыда Ұлы Отан соғысының 21 ардагері тұрады. Ерболат Досаевтың тапсырмасымен биыл бір реттік жәрдем ақы көлемі 5 миллион теңгеге дейін көбейді. Ардагерлер медициналық қызметпен қамтылған, әлеуметтік көмек алады.

САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

АНАНЫ АЯЛАУ

Сонымбүбі апа – еліміздегі көпбалалы аналардың символына айналған тұлға

«Анаға құрмет» музейінде өнегелі өмірге толы сәттерді бейнелейтін рухани кеш жоғары деңгейде ұйымдастырылып, Сонымбүбі Құданалықызының 90 жасқа толуына орай керемет іс-шара өтті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Иә, қазақ халқының алтын құрсақты аналарына деген құрметі ешқашан сөнбейді. Генерал-лейтенант Әділ Шаяхметовтің аяулы анасы, 11 баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеген, «Алтын алқа» және «Ұлы Дала Ел анасы» ордендерінің иегері Сонымбүбі апа – еліміздегі көпбалалы аналардың символына айналған тұлға. Музей төрінде өткен бұл салтанатты жиында ел Анасына айналған апамыздың өнегелі өмірі мен елге сіңірген еңбегі кеңінен дәріптелді.

Іс-шара басында экранда көрсетілген Сонымбүбі Құданалықызы туралы арнайы бейнебаян көңілдерді толқытып, айтылған жылы лебіздер есімі аңызға айналған тұлғаның өмір жолынан сыр ақтарды. Тағылымды кештегі: «Аяулы аналар сіздер – тек бір отбасының ғана емес, бүкіл елдің тірегісіздер, Ана жүрегі – адамзаттың рухы



мен жігері» деген жүрекжарды жыр жолдары жүректерге жетті.

Салтанатты жиынға еліміз бен Қырғыз Республикасынан белгілі қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, өнер жұлдыздары мен ұлт жанашырлары жиналды.

Құрметті меймандар қатарында Қырғыз Республикасы Президентінің кеңесшісі Медетбек Букуев, қоғам қайраткері Асылы Осман, ҚР Еңбек Ері Аягүл Миразова, Алматы облыстық архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Данияр Алиев,

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры Ләззат Сағындықова, Қырғызстан халық әртісі Ибрагим Жүнісов, Қырғызстанның еңбек сіңірген әртісі Айбек Заралаев сынды тұлғалар болды.

Мерекелік іс-шара барысында Сонымбүбі ананың құрметіне арнайы бұрыштың лентасы қиылды. Бұл рәсімді Халық қаһарманы, генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев атқарды. Музейдің меңгерушісі Әбіш Гүлнар апаның көзі тірісінде тапсырған киімдері мен қолданған

бұйымдарына, өмірінен сыр шертетін естеліктерге кеңінен тоқталды. Бұл жәдігерлер – бір ғана ананың емес, бүтін ұрпақтың тарихын паш етіп тұрған асыл мұра.

Жиында Сонымбүбі ананың келіні, Айсулу Әлібекқызының енесіне деген шексіз сүйіспеншілігімен жазылған «Бойтұмарым – Ана» атты кітабының тұсаукесері өтті. Бұл еңбек – ананың өмір жолына, тәрбиесіне, рухани байлығына тағзым ретінде жарық көрген. Кітаптың бас редакторы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, белгілі жазушы Күмісжан Байжан жаңа туынды жайлы тебірене сөз сөйледі.

Тұсаукесер рәсіміне Қырғыз Республикасының Еңбек Ері «Дордой» АҚ президенті Асқар Салымбеков, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, педагогика майталманы Орынша Қарабалина-Қазыбаева, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың құрметті ректоры, академик Баян Рақышев, ҚР Нейрохирургия орталығының президенті Серік Ақшолоақов, ҚазҰТУ ректорлар кеңесінің төрағасы Досым Сүлеев және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысты.

Мерекелік кеште сахна төріне шыққан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері Талғат Күзембаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Мұрат Шалабаев, Болатбек Бөкенов және Қырғызстаннан келген өнер иелері көпшілікке тамаша өнерлерін тарту етті. Іс-шара соңында Сонымбүбі апаның рухына бағышталып, арнайы ас берілді.

Ана – перзент өмірінің шуағы, отбасының ұйтқысы ғана емес, тұтас бір ұлттың тірегі. Сонымбүбі Құданалықызы сынды аналар – елдің рухани байлығы, ұлт мәртебесі. Аналарға тағзым – болашақ ұрпаққа өнеге.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМДАМА

ЖАПОН ТӘЖІРИБЕСІ

Алматыдағы М.Мақатаев атындағы №140 гимназияға Жапонияның Kanto International High School оқушылары қонаққа келді. Бұл кездесу екі мемлекеттің мәдени байланысын арттырып, оқушылардың таным көкжиегін кеңейтуге бағытталған өте маңызды іс-шара болды.

Меймандар мектеп ішін аралап, оқу ордасының тыныс-тіршілігімен танысты. Гимназия оқушылары дайындаған мерекелік концертті тамашалап, қазақтың дәстүрлі ойындарын бірге ойнап, шеберлік сабақтарға қатысты. Аспан елі астынан келген қонақтар Қазақстанның білім беру жүйесін зерделеп, мұражайға экскурсия жасады. Қонақтар қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін тереңірек түсіну үшін мектеп оқушылары домбыра мен жетігенде ойнап, ұлттық билерді орындады.

Сонымен қатар, асық ату, бес асық, арқан тарту, ләңгі мен қазақша күрес сынды ұлттық ойындармен таныстырды. Бұл ретте денешынықтыру пәні мұғалімдері де белсенділік танытты. Мектеп директоры Сәния Тілеубай мен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Айша Абдуллақызы өткен жылы Жапониядағы тағылымдамадан алған әсерлерімен бөлісті. Сапар барысында Токио, Осака, Хиросима қалаларындағы мектептерді аралаған сәттерін слайд арқылы таныстырып, Жапония елінің заманауи технологиямен жабдықталған мектептерінің озық тәжірибелерімен танысқандарын тілге тиек етті.

Сонымен қатар, екі ел арасындағы білім алмасу жобаларының маңыздылығы да әңгімеге арқау болды. Жалпы, ашық пікір алмасу, шетелдік оқушылармен тығыз байланыс орнату –



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәния ӨСКЕНБАЙҚЫЗЫ,
М.Мақатаев атындағы №140 гимназия басшысы:

Ортақ қағидаттар

Жапониядағы тағылымдама барысында екі ел арасында ұқсастық барын аңғардым. Мәселен, жапон педагогикасы айтулы Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық көзқарастарымен үндес екені байқалады. Тәрбиеге қатысты кезінде Мағжан Жұмабаев бала бойында рухани және адамгершілік қасиеттерді ұжымдық іс-әрекет арқылы дамытудың маңыздылығын ерекше атап өткені белгілі. Бұл – жапондық білім беру жүйесінің де басты аспектілерінің бірі. Әрі бұл елде де үлкендерді құрметтеуге, еңбекқорлыққа, ұжымдық жауапкершілікке және топ ішіндегі үйлесімге ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл жағы Мағжан Жұмабаевтың тәрбиені тек білім беру арқылы ғана емес, сонымен қатар мықты мінез-құлық пен қоғам алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру деп түсінетін педагогикалық көзқарастарымен ұқсас келіп тұр. Сондай-ақ, жапон әдістемесі тәртіп пен ынтымақтастықты дамытуға бағытталған, бұл жағы да қазақ педагогының философиясына сәйкес келеді. Осындай ортақ қағидаттар жапон тәжірибесін Қазақстанның білім беру жүйесіне ұлттық дәстүрлер мен мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, сәтті бейімдеуге мүмкіндік беретін сыңайлы.

КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ

Өндірістік оқытуды трансформациялау:

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ДАМУ

«Almaty Polytechnic College» КМҚК базасында маңызды қалалық іс-шара – «Өндірістік оқытуды трансформациялау: Инновациялар, сын-тегеуріндер және даму перспективалары» атты конференция өтті.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында ұйымдастырылған конференцияның мақсаты – өндірістік оқыту саласындағы заманауи үрдістер мен инновациялық тәсілдерді талқылау, сонымен қатар цифрлық экономика талаптарына сай білікті мамандар даярлау сапасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Іс-шараға Алматы қаласының колледж өкілдері, оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасарлар, әдіскерлер, өндірістік оқыту шеберлері, жұмыс беруші компаниялар мен кәсіпорындардың өкілдері, сонымен қатар кәсіби білім беру саласындағы зерттеуші-ғалымдар қатысты.

Конференция барысында өндірістік оқытуды жаңа форматқа бейімдеу, инновациялық әдістерді енгізу, цифрлық

технологияларды тиімді қолдану, дуалды оқытуды кеңейту сынды тақырыптар көтеріліп, мазмұнды баяндамалар жасалды. Пікірталас алаңдарында қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, нақты шешімдер ұсынды.

«Бүгінгі күннің талабы – икемді, технологияны еркін меңгеретін, еңбек нарығына тез бейімделетін мамандарды дайындау. Ол үшін өндірістік оқыту мен кәсіптік бағдар берудің жаңа моделін қалыптастыру қажет», – деді іс-шарада сөз сөйлеген колледж директоры Медет Омарбеков.

Конференция қорытындысында кәсіби білім беруді дамытуға бағытталған ұсыныстар мен бастамалар жинақталып, тиісті ұйымдарға жолданатын болды.

Осы тектес іс-шаралар болашақ мамандардың сапалы білім алып, еліміздің индустриялық дамуына нақты үлес қосуына серпін беретіні сөзсіз.

ҒЫЛЫМ

ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА ҚОЛДАУ БАР

Бүгінде алпауыт елдердің барасында қай саланы алсаңыз да бақталастық өршіп тұр. Өйткені, біз осынау күрделі кезеңде экономиканың жаңа үлгісіне көшіп, бәсекеге қабілетті экономика құруға кірістік.

Бізге ең керегі – ғылыми әлеуетімізді арттыру. Жалпы, осы бағытта біраз шаруа атқарылып та жатыр. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заң

жобасы қабылданды. Ең алдымен, ғылымның басқару жүйесін жетілдіру үшін ғалымдарға әлеуметтік қолдау көрсету мәселесі маңызды екені белгілі. Бұл тұрғыда қазір сең қозғалды. Ғылымдағы жас ғалымдарға мемлекет тарапынан кең қолдау көрсетіле бастады. Ең бастысы – олар тегін тұрғын үймен қамтылып, жалақы өсті. Кейінгі 30 жылда елімізде кадрлық әлеуеттің жоғалғаны туралы көп айтылды.

Мәселен, тәуелсіздіктің

алғашқы жылдарында елде ресми тіркелген 52 мың ғалым болса, олардың саны 2000 жылдары 12 мыңға дейін азайған. Соңғы жылғы мәліметке сүйенсек, ғылым саласында еліміз бойынша 22 456 кадр бар. Жалпы зерттеушілердің 37 пайызы ғылыми және академиялық дәрежеге ие болса, олардың 34 пайызы – 35 жасқа дейінгі жас ғалымдар, 43 пайызы – 35–54 жастағылар, ал 23 пайызы – 55 жастан асқан ғалымдар көрінеді.

АҚЖОЛТАЙ ХАБАР

АЛМАТЫЛЫҚ ОҚУШЫ

ел тарихындағы ең жас гроссмейстер

Алматы қаласындағы АрФММ-нің 9-сынып оқушысы Эдгар Мамедов Қазақстан тарихында ең жас гроссмейстер халықаралық атағын иеленген шахматшы атанып отыр.

Жас шахматшы бәсекелі бәйгеде жеңіске қол жеткізді. Ол Испанияда өткен беделді IX Open Internacional Semana Santa San Vicente del Raspeig Costa Blanca 2025 А турнирінде 9 мүмкіндіктен 7 ұпай жинап, жарысты жеңіліссіз аяқтады.

Ойын барысында



Эдгар 5 жеңіс және 4 тең нәтиже көрсетті. Жалпы, Эдгардың бұл жетістігі оған халықаралық гроссмейстер нормасының екінші кезеңін орындап, рейтингін 2453-ке дейін көтеруге жол ашты.

Көп ұзамай үшінші норманы орындап, 2500 рейтинг межесіне жеткен Эдгар ресми түрде халықаралық гроссмейстер атанды. Міне, осылайша ол Қазақстан тарихындағы бұл атаққа ең ерте қол жеткізген ең жас шахматшы.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАНДАР

МӘҢГІЛІК ЕСТЕЛІК

Жетісу ауданының әкімдігі мен Ардагерлер кеңесі
Жеңістің 80 жылдығына арнап ауқымды іс-шара өткізді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Мерекелі жиынды ашқан аудан басшысы Ләззат Жылқыбаева бұл іс-шара – тек мереке ғана емес, ұрпақтар сабақтас-тығының, ерлікке деген тағзымның және бейбітшіліктің қадірін ұғынудың белгісі екеніне маңыз берді. Аудан ардагерлеріне құрмет қашанда басты назарда екенін айтып, оларға сый-сияпат жасады.

Жеңіс күні мерекесіне арналған салтанатты жиынға соғыс және еңбек ардагерлері, аудан тұрғындары мен арнайы шақырылған қонақтар қатысты. Кең зал төрінде мерекелік көңіл күй орнап, әрбір қатысушы осынау күннің ерекше маңызды екенін сезінді. Бір сәт үнсіздік жарияланып, соғыста қаза тапқандардың рухына тағзым жасалды. Әскери форма киген жастар маршпен жүріп өтті. Үлкен экран арқылы аудан ардагерлерінің суреттері мен марапаттары көрсетілді.

Келесі сәтте Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің басшысы Тамара Мұхтарханқызы ардагерлердің ерлігі – ұрпаққа үлгі екенін, олардың жанқиярлық



ерлігін еске алып, құрметтеу – баршамыздың қасиетті борышымыз екенін тілге тиек етіп, майдангерлерге естелік сыйлықтар табыстады. Мерекелік жиынға арнайы қатысқан қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Шолпанқұлов бұл мереке тарихымыздың ажырамас бөлігі, ал әрбір ардагер – елдің мақтаны-

шы екенін атап өтті. Жетісу ауданының байырғы тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Илья Кудин де майдан естеліктерінен әңгіме өрбітті. Осынау жиын барысында Жетісу ауданының хор ұжымы мен өнерпаздары патриоттық әндер шырқап, әскери жылдардан үзінділерді сахналады. Жиналғандарға мемлекет және қо-

ғам қайраткері, абыз қария Хамит Біржанұлы ақ батасын берді. Ардагерлер жүзінде қуаныш ойнап, ұрпаққа ізгі тілектерін арнады, енді бір сәт бұрынғы майдандастарын, қаруластарының ерлік жолдарын еске алды. Сосын бір-бірін құшақтап, қимастықпен қоштасты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тамара ШӘКІРОВА,
Жетісу ауданы Ардагерлер кеңесінің басшысы:

ӘРҚАЙСЫМЫЗДЫҢ ПАРЫЗЫМЫЗ

Біздің басты мақсатымыз – жас ұрпақ жадында тарихты ұмыттырмау. Бұл тек ардагерлердің ғана емес, бүкіл ұлттың ісі. Мерекелік жиын – әдеттегі іс-шара емес, жастарды шынайы рухани байытатын, жүректерді біріктіретін, тарих пен тағдырды түйістіретін тағылымды іс-шара. Ардагерлерге деген құрмет – тек сыйлық жасаумен өлшенбейді, ол – өткенді қадірлеуге, болашақты дұрыс бағдарлауға ұмтылдырады. Ұлы Жеңіс – ұрпақтан-ұрпаққа жететін мәңгілік естелік. Ал оны сақтап қалу – әрқайсымыздың парызымыз.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҚЫЗЫ

екі соғыстан аман қалған

Халқымызда қай заманда да қыздың орны ерекше болғаны белгілі. Қазақ қыздары еркін өсіп, ерлермен тең ат үстінде жүрген. Ел басына күн туғанда қару асынған. Атам заманғы Тұмар патшайымнан бастап Ай-Бике, Гаухар, Бопай, Назым, т.б. батыр аналарымыздың ерлігіне тарих куә. Екінші дүниежүзілік соғыста да ерекше ерлік көрсетіп, әуеде де, жерде де жаудың бетін қайтарған Әлия, Мәншүк, Хиуаз апалар ерлігі өшпес тарих. Жамал Байтасова бастаған қазақ қыздарының танк экипажын да тарихтан өшіре алмаймыз.



Нұрлан
СҮЙІН

ӨЗІ СҰРАНЫП ҚАСАП МАЙДАНҒА АТТАНҒАН...

Кейбір деректер бойынша 1924 жылы Ақтөбе облысында дүниеге келген Сапура Далипқызы Ырғыз балалар үйінде тәрбиеленген. Интернаттың қара нанын таласып жеген өжет қыз қайсар боп өскені белгілі. Ұлы Отан соғысы басталғанда Сапура он жетіде екен.

Кең байтақ қазақ даласының батысына соғыс хабары өзге өңірден тезірек жететіні белгілі. Оның үстіне екі жылда Еділге жеткен майдан шебі – Сталинград майданы да қазақ шекарасына жақын болды. Сол себепті, соғыс дүмпуі жиі естілетін батыс өлкенің ұл-қыздары соғысқа көп сұранатын сол жылдарда. Кәмелетке жаңа толған Сапура да майданға сұранумен болды. Әскери комиссариат қайсар қазақ қызының өтінішін қабылдауға мәжбүр болған.

Қатардағы жауынгер боп майданға түскен Сапура Далипқызы сол кездегі Отанымыздың жүрегі Москваны қорғады. Брянск, Витебск майдандарында ерлікпен шайқасты. Қарап отырсақ, ол қай жерде

де қасап майданның ортасында жүрген екен. Талай ерлік көрсетіп, онысы да еленіпті. Соғыстың соңына дейін жүріп өткен Сапураның майдандағы өмірі Жапон соғысында жалғасыпты. Ең бастысы, екі соғыстан да аман қалғаны. «Германияны жеңгені үшін», «Маршал Жуков», «II дәрежелі Отан соғысы», т.б. орден-медальдарымен марапатталған Сапура Далипқызы 1946 жылы елге оралады.

БЕЙБІТ КЕЗЕҢДЕ ЖАЛҒАСҚАН ӨМІР

Жасы жиырмадан жаңа асып, екі соғыстың куәсі болған Сапура қыздың бейбіт өмірі туған жері Ақтөбе облысында жалғасты. Соғыстан кейін тұралап қалған ел шаруашылығы де екінші майдан секілді еді. Қос тілді қатар меңгерген қаһарман қыз білімін жетілдіре жүріп, ел шаруашылығына араласты, сауда саласын меңгерді. Мұнда да біраз жетістікке жетті.

Ел азаматы Қонысбек екеуі шаңырақ көтеріп, бес перзент сүйді. Айтары бар ана боп, шақырылған жерлерде естеліктер айтты. Адал жар, асыл ананың үлгісіндей болды. Өз дәуірінің сын сағаттарға толы сан парағын ақтарған қазақтың қайсар қызы өз ғұмырының парағын 2006 жылы аяқтапты. Сапура Далипқызының ерлігі мәңгі ұмытылмақ емес.

ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ

№6 Оқушылар үйінде Ұлы Жеңіс күніне арналған әдеби-сазды кеш өтті

«Біз соғысты көрген жоқпыз, көргіміз де келмейді» деп аталатын айтулы кешке аудандағы мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері мен бүлдіршіндер қатысты.



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Мереке ауладан бастау алып, сахнада жалғасты. Кешке аталмыш аудандағы соғыс ардагерлері мен білім саласында ұзақ жылдар қызмет еткен еңбек ардагерлері құрметті қонақ ретінде шақырылды.

Әдеби-сазды кеш әдеттегідей бейбіт таңды қарсы алған балақайлардың шат күлкісімен басталып, енді бір сәт тұтқиылдан лап ете қалған сұм соғыстың қасіретке толы сәттерін парақтады. Әскери киім киген Түрксіб ауданының мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері мен бүлдіршіндері адамзат тарихында қасірет ізін қалдырып кеткен сұм соғыс жалмаған ерлеріміздің ерлігін дәріптеді. Бұл күні есімі ұмытылмас тағдырлардың рухына бас иіп, бейбіт күн үшін жанын пида еткен ержүрек ұл мен қыздың ерлігі жаңғырды.

Мәншүк Мәметованың кейпіне енген №147 балабақша бүлдіршіні Асылым Тохатрхан батырдың анасына жазған хатын оқып, жүректерді тебіrentті. Соғысқа кеткен жары мен ұлын тосқан ана бейнесіне енген Бақыт Баяхметқызы сазгер Жақсыгелді Сейіловтің «Ана туралы баллада» әнін жүрекке жеткізе орындады. Келесі кезекте Сандуғаш Өтеулиева батыр қыз образына еніп, С.Бәйтерековтің «Әлия» әнін орындады.

Сонымен қатар, №117 балабақша ұжымы Нұркен Әбдіровтың ерлігін сахналап, М.Төлебаевтың «Кестелі орамал» әнімен айшықтады. №167 балабақша өнерпаздары – «Смуглянка», №187 балабақша өкілдері – «Журавли», «Энтузиаст» балабақшасының хоры – «Бейбітшілік»,



№180 балабақша хоры – «Здравствуй, мир», №123 балабақша өкілдері – «Катюша» әнін тамылжытты.

Мерекелік жиын соңында бүлдіршіндер ардагерлерге қып-қызыл қалампыр гүлін ұсынды. Іс-шараның шарықтау шегінде Түрксіб ауданындағы 23 мектепке дейінгі мекеме меңгерушілері мен бүлдіршіндер «Бейбітшілік» әнін орындап, бейбітшілік символы – ақ көгершіндер айналаны қалықтай ұшты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жанна ҚАДЫЛХАНҚЫЗЫ,
Түрксіб аудандық білім бөлімінің басшысы:

ТАРИХ ПЕН ТАҒДЫРДЫ ЕСКЕ САЛАТЫН АЙРЫҚША КҮН

Осынау мерекеге біздің ауданның мектепке дейінгі мекемелері зор дайындықпен келді. Бұл мерекелік жиынды әдеттегі формадан тыс, өзгеше етіп өткізіп отырғанымыз – ұлы Жеңіс күні тарих пен тағдырды еске салатын айрықша күн. Елімізде соғыстың зардабын тартпаған отбасы жоқ шығар. Ардагерлерге деген құрметіміз – ең алдымен өткенді қадірлеу, бейбіт күннің бағасын безбендеу.

«ҚАЗАҚ БАТЫРЫ»

II Дүниежүзілік соғыс тақырыбына арналған тұңғыш туынды

«Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным, қашып келемін. Артыма қарай беретінім, қорқып келемін...». Сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы дәл осылай басталады. Қазақ әдебиетіндегі II Дүниежүзілік соғыс тақырыбына арналған тұңғыш туынды.

Өз заманында үлкен ынта-ықыласпен оқылған бұл шығарма 1944 жылы повесть ретінде жазылып, «Қазақ батыры» деген атпен «Майдан» атты альманахта басылды. 1945 жылы «Қазақ батыры» деген атпен жұқа кітапша болып шықты.

Бірнеше жылдан кейін жазушы повесті қайта жазып, романға айналдырып, атын «Қазақ солдаты» деп өзгертті. Романның алғашқы тараулары «Әдебиет және искусство» журналының 1950 жылғы 1–4-сандарында жарияланды. Сол жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жеке кітап болып шықты. Бұдан кейін де роман бірнеше рет жарық көрді. Шығарма орыс, ұйғыр, қырғыз, өзбек, болгар, поляк, румын, словак, чех тілдеріне аударылып, жеке кітап болып басылды.

Роман Екінші дүниежүзілік соғыс майданындағы кеңес адамдарының ерлік тұлғасын суреттеген қазақ прозасындағы тұңғыш ірі шығарма. Бас кейіпкердің прототипі – Кеңес Одағының Батыры Қайырғали Смағұлов. Шығарманың алғашқы нұсқаларында жазушы бас кейіпкерді Қайырғали Смағұлов деп алса, кейін оның есімін Қайрош Сарталиев деп өзгертті. Шығармада қазақ солдат Қайроштың басынан кешкендері көркем баяндалған. Ол өзінің батырлығымен, ержүректілігімен, қайтпас-қайсар мінезімен ерекшеленеді.

ҚҰРМЕТ

АҒА БУЫНҒА ІЛТИПАТ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай ҚР ІІМ Ұлттық ұлан әскери қызметшілері Алматыдағы «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталығындағы қарттарға сәлем бере барып, құрмет-ілтипат көрсетті.

Құқықтық тәртіп әскерінің әскери қызметшілері аталған орталық тұрғындарын Жеңіс мерекесімен құттықтап, мерекелік көңіл күй сыйлады. Ұлттық ұланның «Генерал» тобы арнайы концерттік бағдарлама ұсынып, жиналғандардың қошеметіне бөленді. Сондай-ақ, ардагерлер мен қазыналы қарттарға сый-сияпаттар табыстады.

Қазір «Шаңырақта» 300-ге жуық қарт тұрып жатыр. Мұнда 20-ға жуық тыл ардагері, соғыс ардагерлерінің жесірлері, Ауған соғысына қатысушы, ғасыр қасіреті саналған Семей полигонының жабылуына қозғау болған «Невада–Семей» қозғалысына қатысушылар, зейнеткерлер және мүмкіндігі шектеулі жандар өмір сүруде.

Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы атындағы 5571 әскери бөлімі командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, подполковник Ұлықбек Қараевтың айтуынша, мұндай іс-шаралар әскери қызметшілердің рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Олар өз кезегінде аға буын өкілдеріне қамқор болуды азаматтық парыз деп санайтындарын жеткізді. Кездесу барысында ардагерлер




«Қазақ солдаты» романында II Дүниежүзілік соғыс жылдарындағы бұрынғы Кеңес Одағының барлық халықтарының фашистік басқыншыларға қарсы «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» табан тіресе күресуі, әрбір кеңес азаматының өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі, табандылығы, бір-біріне бауырмалдығы, олардың жанқиярлық ерліктері Қайрош бейнесімен байланыстырыла суреттелген.

Көрнекті суреткер Тахауи Ахтанов өз естелігінде былай деп пікір қалдырған екен: «...қазақ сөз зергерлерінің ішінде Мүсіреповтің қайталанбас жазушылық қолтаңбасы ерекше. Стилінің әсемдігі, дәлдігі, тілінің нәрлілігі, нәзік юморы мен аса байқампаздығы – бүкіл бір ұрпаққа үлгі».

Қорыта келгенде, «Қазақ солдаты» – жазушы Ғабит Мүсіреповтің өз кейіпкерін көзімен көріп, тікелей араласқан шындықтан өрбіп, ой елегінен өтіп, көңілде ұзақ уақыт қорытылған, шын толғаныспен жазылған көркем шығарма екенін байқаймыз. Оқырманына рух, шабыт беріп, қан майданның өмір суретін көз алдымызға келтіретін Мүсірепов туындысының шоқтығы биік.

Жуырда Ұлы Жеңістің 80 жылдығына және академик-жазушы, сөз зергері Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының жарық көргеніне 80 жыл толуына орай Алматы қаласы музейлер бірлестігіне қарасты С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінде жастарға патриоттық тәрбие беру, II Дүниежүзілік соғыста қазақ халқының батыр



«Қазақ солдаты» – ауыл жергегінен жаңа заман өткелдері ерте айырған қазақ бозбаласының алғаш рет ата кегін қуып, ру намысын жырtpай, көп ұлтты Отан мүддесі үшін күрескен жауынгерлік жолы.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ.

ұл-қыздарының көрсеткен ерліктерін, Ғ.Мүсіреповтің әдеби мұрасын насихаттау мақсатында «Қазақ батыры» атты әдеби-танымдық кеш өтті. Іс-шараны Музей кешенінің аға ғылыми қызметкері, ақын, ғалым, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның Құрметті жазушысы Әділғазы Қайырбеков алғысөзбен ашты.

Кештің құрметті қонақтары Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» шығармасының басты кейіпкері, Кеңес Одағының Батыры Қайырғали Смағұловтың ұлы – Ұзақ Смағұлов, жазушының қызы Гауһар Мүсірепова әкелері туралы ғибратты естеліктерімен бөлісті, көрермендер тарапынан түскен сұрақтарға жауап берді.

Республикалық жоғары медициналық колледж студенттері қаламгер шығармасы бойынша арнайы әзірлеп келген мерекелік бағдарламасын ұсынды. Әдеби кеште жазушы шығармасына талдау жасалды. Өлең оқылып, рухты ән де шырқалды, күмбірлеген күй де шертілді. Аталған колледждің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Есенгүл Оспанқызы дайындаған студенттер жоғары деңгейде өнер көрсетіп, көпшілік көңілінен шықты.

Назгүл АЛТАЕВА,
Рашида ОТАР,
С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің
әдеби-мемориалдық
музей кешенінің ғылыми
қызметкерлері.

КӨРМЕ

«ЖЕҢІСТІҢ ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТІ»

суретшілер картиналарында бейнеленген

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы құрметіне «Жеңістің жұлдызды сәті» атты ауқымды көрме ашылды.

Сурет, графика және мүсін өнеріндегі шығармаларда халқымыздың өміріндегі қиын да қастерлі сәттер, батырлық оқиғалар бейнеленген. Жалпы, Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы көрмелер музейде жыл сайын өткізіледі, себебі, бұл – барлық ұрпаққа қажет, ұмытылмауға тиіс маңызды үлкен естелік.

Қастеев музейінде Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы Қазақстан суретшілерінің шығармаларының бірегей коллекциясы сақталған. Жоғары кәсіби деңгейде орындалған жұмыстар қарапайымдылық пен шынайылыққа толы, трагизммен, поэтикалық мазмұнмен ерлікті көрсетеді. Олар Отанға деген парыз туралы, ел басына төніп тұрған қауіп, басқыншыны тізе бүктірген халықтың жеңісі мен салтанаты туралы айтады.

Экспозицияда В.Антощенко-Оленев, А.Бақтығалиев, Р.Великанова, Н.Гаев, А.Дроздов, П.Зальцман, Қ.Каметов, Ә.Қастеев, М.Кисамединов және басқа да авторлардың графикалық жұмыстары маңызды орын алады. Бұл шығармалардың

көпшілігі алғаш рет көрсетілуде. Көпшілікке таныс М.Калимов, В.Киреев, Қ.Телжанов, Е.Төлепбай, М.Хитахунов және басқа да суретшілердің кескіндеме жұмыстары графикалық парақтармен біріктірілген.

Экспозицияда Қазақстанның жетекші мүсіншілері – Е.Мергенов пен С.Сергебаевтың мүсіндік композициялары да ерекше орын алады. Жобаның орталық бөлігінде Л.Калимованың «Бата» гобелені орналасқан.

Ал көрменің медиа бөлімі Ұлы Жеңіс үшін майданда шайқасқан қазақстандық батырларға арналған. Олардың арасында Ұлы Отан соғысының қатысушысы болған қазақстандық суретшілер – Ү.Әжиев, Н.Александров, И.Бондаренко, И.Виноградов, В.Воробихин, Н.Гаев, Л.Гербановский, А.Горовых, Р.Есіркеев, Ж.Қанапиянов, Ш.Кенжебаев, В.Колоденко, В.Константинов, Е.Молданиязов, Р.Мейрманов, Н.Наседкин, Н.Нұрмұхаммедов және т.б. бар. Жоба «Ұлы Отан соғысының қаһармандарының портреттік хроникасы» және «Соғысқа қатысушы суретшілерге арналған сұхбаттар мен жеке фильмдердің трансляциясы» деген екі бөлімнен тұрады. Музейдің «Қазақстан бейнелеу өнері» бөлімінің мамандары көрме туындылары көрерменге сол алыстағы жылдардың оқиғаларын тереңірек сезінуге мүмкіндік береді дейді.

Көрме бір айға созылады.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ



АДАМДАР. ЖЫЛДАР. ТАҒДЫРЛАР

ӘКЕЛЕР ЕРЛІГІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Даңқты батыр Бауыржан Момышұлының: «Жауынгер сымбатты болу керек. Жинақылық пен тәртіптілік – солдат сымбатының алғы белгілері осы. Жауынгер сапта да, ұрыста да өз міндетін ұғынып, нақты орындауы қажет», – деп жазғаны Ұлы Отан соғысында кеудесін оққа төсеп, ыстық пен суыққа төзіп, Отанына қалқан болған жауынгерлерге тән қасиеттердің жиынтық сипаты еді.

Осы қасиеттерімен ел құрметіне бөленген ерлердің бірі – Жұмабек Әйтмбетов небәрі 19 жасында әскер қатарына алынады. 1941–1946 жылдарда Екінші дүниежүзілік соғыста Мәскеуге ентелеген жаудың бетін қайтарған қиян-кескі ұрысқа қатысады, Ұлы Жеңіске өз үлесін қосады. Жинақылық пен тәртіптілік, өз міндетін біліп, адал және дәл орындау қасиеттері бойында қалыптасқан Жұмабек Әйтмбетов сол бір сұрапыл жылдар жайлы ұрпақтарына: «Әлі есімде, 1940 жылы мен Меркіден әскерге шақырылдым. 1941 жылы соғыс бастала сала майданға түстім. Ел тағдыры мен ер тағдыры тұтасып кетті. 1943 жылы 12 шілдеде әйгілі Курск



шайқасына (3-Украин майданы, 57-армияның 360-атқыштар полкінің құрамы) қатыстым. Екі жақтан да жүздеген танкілер бетпе-бет келген шайқаста жау үрейін ұшырған біздің ракеталарымыз – «Катюшалар» қолданылды. «Ел үшін тек алға!» деп, жау солдаттарымен жекпе-жек ұрыстарда жан алысып, жан берістік. Сол шайқаста Булхов қаласы азат етілді, өзім ауыр жарақат алдым. Госпитальдан соң қайта майданның алдыңғы шебіне оралдым. Украина, Молдовия,

Австрия, Югославия мемлекеттерін азат етіп, Жеңісті Румыния елінде қарсы алдық. Содан соң бізді Қиыр Шығысқа – Жапон соғысына салды. 1945 жылдың маусым айынан 1946 жылдың қазан айына дейін Жапония соғысына қатыстық. Екі майданнан әртүрлі жарақат алып, II топтағы мүгедек болып, Отаныма, Меркі ауылыма оралдым», – деп әңгімелеп отыратын.

– Жыл сайын Жеңіс күні мерекесінде әкеміз I дәрежелі «Отан соғысы» орденін, «Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков», «Жауынгерлік ерлігі үшін», «1941–1945 жылдары Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», тағы да басқа медальдарын кеудесіне ерекше құрметпен тағып алатын еді, – деп еске алады майдангердің ұрпақтары.

Жұмабек Әйтмбетов өмірінің соңына дейін елге, отбасына деген адал сүйіспеншілігімен барша ауылдастарының ортасында құрметке бөленген азамат еді. Сүйікті жары, Батыр Ана – Нүркіл екеуі 11 перзент өсірді. Өзі туып-өскен мекенде қаржы агенті болып, табан аудармай 47 жыл абыройлы еңбек етіп, ауылдық Кеңес депутаты да болып сайланды. Туған елі асыл азаматын құрметтеп, Меркі ауылындағы бір көшеге есімі берілді. Ердің – еліне, елдің – еріне деген сүйіспеншілігі әрқашан жалғаса бермек!



ҒАСЫР ЖАСАҒАН АРДАГЕР

үш майданға қатысқан

Жеңіс күнінің қарсаңында Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметінің өкілдері Ұлы Отан соғысының ардагері Владимир Белозеровтың үйіне бас сұғып, қарт майдангердің қал-жағдайын сұрады. Ғасыр жасаған ардагер бейбіт күннің бодауына кеткен соғыс жылдарындағы естеліктерін әңгімеледі.

Владимир Белозеров майданға соғыс оты қызып тұрған 1943 жылы 18 жасқа толғанда аттаныпты. Ең сұрапыл ұрыс жүріп жатқан украин жерінде үш үлкен майданға қатысып, Днепрді кешіп өткен.

– Соғысқа алғаш рет украин жерінде араластық қой. Шаршап-шалдығып, қарын аш, енді бір жағынан шөл қысып жаяу келе жатқанбыз. Деревняға кіргенде, ондағылар: «Ішпеңдер суды. Немістер шегініп бара жатып бәрі улап кетті» деп ескертті, – дейді ардагер.

Жас жауынгер Днепрден өтер кезде ауыр жараланып, керең боп қалған. Харьковтегі госпитальда жатып, сол жерден мүгедектігіне байланысты босап шығады. Кейін жеңісті Барнаулда қарсы алған. «Біреу туған-туысым қайтып келер деп қуанып, біреу қайғырып, айналамның бәрі жылап жатты сонда. Бұл жеңісті жыламай еске алу қиын», – дейді ардагер ұрыс жылдарын еске алғанда.

Ауыр жараланғанына қарамас-тан, Владимир Дмитриевич мойымаған. Жоғары білім алып, қаншама жылын өндіріске арнаған. 28 жыл Алматыдағы құрылыс материалдары комбинатының цехында басшылық етеді. Осы еңбегі үшін 1964 жылы сол кездегі ең үлкен мемлекеттік марапат – Ленин орденімен марапатталған.

Владимир Белозеров өзінің еңбек жылдарын қуана еске алады: «Жұмысқа көңілді болып баратынымын. Адамның ақысын жеген жоқпын, бәрімен бірдей сыйластым. Комбинаттағылардың бәрі менің цехыма кеп жұмыс істегісі келетін. Бұл маған деген құрмет деп ойлаймын өзім».

Кейіпкеріміз биыл ғасыр жасына жеткелі отыр. Ақсақал әлі тың, гимнастикамен айналысып, бақшаға қарап, шахмат ойнап, біраз жер жаяу жүріп қайтуды күнделікті әдетіне айналдырған.

– Ұзақ жасау – әркімнің өз қолында. Өзіңе де, елге де сыйлы бола білу керек. Өмірдің мәнісі де сол, – дейді қарт майдангер.

Бетті әзірлеген

Нұрлан СҮЙІН.

ЕРЛЕР ЕЛ ҮШІН ТУАДЫ



Сағынбай Асыраубаев 1940 жылы 20 жасында қызыл әскер сапына Отан алдындағы борышын өтеуге алынады. Көп ұзамай Ұлы Отан соғысы басталады. Сержант Сағынбай Асыраубаев 542-корпустық артиллерия полкінің құрамында зеңбірекшілер взводының командирі болып Отан қорғайды.

1942 жылы 2 ақпанда Калинин майданында Ржев қаласын азат ету шайқасында зенитшілер жаудың аспаннан төнген самолеттерін, жер қайыстырып жылжыған ауыр танкілерін атқылап, кеңес әскерінің алға жылжуына қолдау жасады. Сержант Сағынбай өз взводы жауынгерлеріне: «Сен жоймасаң, жау сені жояды! Не өлім – не өмір!» деп рухтандырып, намысын қайрап, ерлікке жұмылдырды. Сол қантөгіс шайқаста Ржев қаласы азат етіледі. Сағынбай сол ұрыста ауыр жарақатпен ес-түссіз госпитальге түседі. Тілден қалған жаралы солдатқа Елизавета атты әскери медбике көп қарайласты, жылы сөздерін қағазға жазып көрсетіп, жігерлендіріп отырды. «Жақын арада-ақ сөйлейтін боласың!» деген Лизаның жазулары Сағынбайға қуат беріп, қалпына келуін тездетеді.

Елге оралғаннан кейін майдангер жергілікті шаруашылықтарда бригадир, басқарушы, партия хатшысы қызметтерінде жүріп, тың жерлерді игеру жұмыстарын атқарды. Батыр ана атанған жұбайы Мазак екеуі он бала тәрбиелеп өсіріп, бақытты өмір сүріп, армансыз күн кешті.

Сағынбай Асыраубаев майдандағы ерліктері үшін I дәрежелі «Отан соғысы» және III дәрежелі «Данқ» ордендерімен, сонымен бірге «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен наградталды. Майдангер 1985 жылы дүниеден озды.

– Биыл 15 мамырда әкеміздің туғанына 105 жыл толады. Жылдар өткен сайын жарқын бейнесін, қасиеттерін ұрпақтары еске алып тұрады. Бүгінгі егеменді ел болып, бейбітшілік заманға жеткеніміз, осы омырауы ордендер мен медальдерге толы әкелеріміз бен аналарымыздың ерліктерінің өтеуіне келгені анық. Оларды әрдайым еске алып, ұрпақтарымызға үлгі етіп келеміз, – дейді Асыраубаевтар әулетінің бүгінгі ұрпақтары.

Расында, ұрпаққа үлгі етерлік қаһармандар алыста емес, олар біздің әкелеріміз, аталарымыз, аналарымыз бен әжелеріміз. Олардың ерлігі – бүгінгі тыныштықтың берік қорғаны болып қалды.

«Ерлер елде туып, ел үшін өтеді!» дейді халық даналығы. «Елім!» деп өткен ерлеріміздің ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп айту – борышымыз.



ЕРЛІК ПЕН АДАЛДЫҚ

Алматының Алатау ауданында Жеңістің 80 жылдығы мен Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналған тағылымды патриоттық іс-шара өтті. «Ардагерлерді ардақтайық» және «Кітап – АМАНАТ» жобалары аясында ұйымдастырылған бұл іс-шарада ұлт жадысын жаңғыртып, ұрпақтар сабақтастығы ерекше көрініс тапты.

Іс-шараның шоқтығын биіктеткен – есімі аңызға айналған батырмен аттас «Amanat» партиясының мүшелері. Әлия есімді арулар батыр рухын жалғап, оның ерлігі мен есімінің бүгінгі буын үшін қаншалықты маңызды екенін жүрекжарды сөздермен жеткізді.

Ерлікке тағзым ретінде олардың қатарын жаңа Әлия есімді мүшелер толықтырды. Салтанатты рәсімде партия қатарына өткен арулар елге адал қызмет ету, патриоттық құндылықтарды ұлықтау жөнінде ойларын ортаға салып, батыр есімін алып жүру – абырой ғана емес, үлкен рухани жауапкершілік екенін атап өтті.

– Әлия – біз үшін жай

ғана есім емес. Бұл – ерлік пен адалдықтың мәңгілік символы. Осындай қасиетті есімді иелену – тағдырдың тартуы ғана емес, тарихи аманат, – деді іс-шараға қатысушылар.

Ресми бөлімнен кейін қатысушылар Астана алаңындағы Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова ескерткішіне барып, ерлікпен қаза тапқан қаһармандардың рухына тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

Бұл жиын – батырлардың биік өнегесі мен елге деген сүйіспеншіліктің көркем көрінісі ретінде жадымыз да сақталды. «Amanat» партиясы ұлттың рухани тұғырын нығайтатын осындай іс-шараларды жалғастыра бермек.

ҚҰРМЕТ

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДА салтанатты іс-шара өтті

Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай 99 жастағы Ұлы Отан соғысының ардагері Анатолий Поповты арнайы барып құттықтады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Алматы шекара академиясының үрмелі аспаптар оркестрі Жеңіс күніне арналған музыкалық композициялар орындады. Мәдени іс-шараны Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында Алматы қаласы ҚХА Ақсақалдар кеңесі мен «Жомарт жан» орталығы ұйымдастырды.

Ардагерге құрмет көрсету рәсіміне ҚХА Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Болат Оспанов, ұйғыр этномәдени орталығының төрағасы, ҚХА кеңесінің мүшесі Абдухалил Долкунтай, сондай-ақ ардагердің балалары, немерелері мен шөберелері қатысты. Көпқабатты үй ауласында өткен іс-шараны көршілері балкондардан бақылап, қол соғып,

шын жүректен алғыс білдірді. Анатолий Поповқа гүл шоқтары мен сыйсияпаттар табысталды.

Анатолий Попов 1926 жылы 13 қаңтарда Қаскелең қаласында дүниеге келген. 1943 жылы әскери байланысшы болып, 2-Прибалтика майданына жіберіледі. Риганы азат ету операциясына қатысып, «Риганы азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған. Соғыстан соң Саратов әскери-медициналық училищесін тәмамдап, Германияда бес жыл фельдшер қызметін атқарған. Кейін Алматыдағы санитарлық-эпидемиологиялық қызметте 30 жылдан аса еңбек етті. Екі қыз өсіріп, бүгінде 4 немере мен 6 шөберенің ардақты атасы.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

«ҰРПАҚ СОҒЫС КӨРМЕСІН»

Бұл – Жеңіс жауынгерінің өмірлік ұстанымы еді

Тұрақты оқырманымыз, ҚР Қарулы Күштерінің ардагері, тарих ғылымының кандидаты Нұрмұхамед Бексұлтанов ағамыз редакциямызға хат жолдап, әкесі Бексұлтан ата туралы жүрек тебіренерлік естелігімен бөлісті. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай жазылған бұл жазба – бір әкенің өмірі арқылы тұтас бір ұрпақтың ерлігі мен тағдырын елестететін тарихи шежіре іспетті. Төменде оқырман хаты негізінде дайындалған мақаланы ұсынамыз.

Әке рухымен сырласу

Менің әкем – Бексұлтан Бексұлтанов 1924 жылы ақпан айында Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданына қарасты Жақсыбай ауылында дүниеге келген. Айналаны ақ боран басқан сол күні ол жертеде туыпты. Ашаршылық пен ауыр еңбектің қыспағында балалық шағы өтті. Жастайынан ересектермен қатар еңбекке араласып, өмірдің қатал заңымен ерте есейді.

1941 жылы соғыс басталғанда



ол небәрі 17 жаста еді. Ауылға қаралы хабарды пошташы шал Өтебай жеткізеді. Сөйтіп, 1942 жылы бозбала әкем де майданға аттанды. Ол Сталинград шайқасына қатысып, фашистермен бетпе-бет соғыста ауыр жарақат алады. Ес-түссіз күйде тылға – санитарлық пойызбен жөнелтіледі.

Владивостоктағы эвакогоспитальға түскенде жағдайы тым ауыр болатын. Дәрігерлер оның өмірін сақтап қалу үшін жан аямай күреседі. Ленинградтан эвакуацияланған профессордың өзі күрделі операция жасап, кеудесінен 3,5 литр ірің мен 2 литр қан алып, ажалдан арашалап қалады.

БЕРЛИНГЕ ДЕЙІН ЖЕТКЕН

Алматы қалалық мәслихатының депутаты Жандос Надиров 101 жастағы ардагер Ольга Андреевна Савенкоға арнайы барып, Жеңіс күнімен құттықтады.

Ольга Савенко 1923 жылы 9 мамырда Алматыда дүниеге келген. 18 жасында Ленинградтағы әскери байланыс училищесін аяқтап, майдан даласына аттанып, 109-жеке байланыс полкі құрамында Берлинге дейін жеткен. Соғыстан кейін туған қаласына оралып, телеграф саласында 57 жыл еңбек еткен. Бүгінде ғасырдан асқан ардагер еліміздің бейбіт өмірін мақтанышпен айтып, елге деген сүйіспеншілігін тебіреніспен жеткізді.

Ардагерге арнайы сыйлықтар табысталып, жылы лебіздер мен алғыс сөздер айтылды. Бұл – ерліктің ешқашан ұмытылмайтынын, тарихқа деген құрметтің ұрпақ жадында сақталатынын айғақтайды.

Ардагерлерге құрмет – елге тағзым, тарихқа тағылым!

ПОЭЗИЯ

БАБАЛАРҒА ТАҒЗЫМ!

Жетім мен жесір көз жасын төккен,
Сұрапыл майдан қатыгез
Әкем туғанда Атамыз біздің,
Мауқын баспастан соғысқа кеткен.

Курскіге бардым, іздедім талай,
Тау-тасты кездім іздері бардай.
Рухына тағзым етумен жүрмін,
Табамын, енді, Атамды қалай?

Қайтпады Атам өтсе де күндер,
Жылыстап жылдар, үзілді күдер.
Әкем жетімдік азабын көрді,
Жалғызбын, дейтін болсақ та біздер.

Төмпешік болып қаламыз ертең...
Ал, өмір бүгін не деген көркем!
Елеңдей берем Аспанға,
Әруақтар қарап тұрғандай көкпен.

Тектұрмас жаққа бармаппын көптен,
Білемін, Әкем келмесе кеткен.

Сағынышымды жасыра алмай,
Сонда да болса, түсімде күткем.

Қызғалдақ жайнап, құлпырды өлкем,
Жан Әкем туған келіпті көктем.
Мамырдың Бірін күтуші едім,
Әкемсіз тағы сүреңсіз өткен.

Әжеміздей боп егілмегендер,
Жылаумен түнде көз ілмегендер...
Моласы да жоқ, өлді дейтіндей,
Қара қағаз бар, көмілмегендер...

Атылған оқтар жауған ғой қарша,
Бейкүнә жандар қырылды қанша...
Бейбіт күн сыйлап кеткен кешегі,
Тағзым етейік, Бабаға барша!

Сабақ алайық өткеннен біздер,
Есте қалатын болады кездер.
Сексен жыл өтті соғыс біткелі,
«Соғыспаймын», деп жас ұрпақ серт бер!

Шолпан ӘДІЛҚЫЗЫ.

АРДАГЕРЛЕР АРАМЫЗДА



РУХАНИ СЫЙ

Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында «Amanat» партиясының Бостандық аудандық филиалы мен Алматы қалалық мәслихатының депутаты Ералы Сауранбаев ғасыр жасаған майдангер, Ұлы Отан соғысының ардагері Александр Журавлевті арнайы құттықтап, құрмет көрсетті.

Салтанатты кездесуге Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының студенттері де қатысып, үрмелі аспаптарда патриоттық шығармалар орындап, ардагерге рухани сый жасады.

Александр Степанович Журавлев 1925 жылы 30 мамырда Алтай өлкесінде дүниеге келген. 1943 жылы әскерге шақырылып, Карел, кейін 1-ші Украин майдандарында байланысшы және барлаушы ретінде шайқастарға қатысқан. Ол Эльба өзенінен өтіп, Берлин түбіндегі ұрыстарға дейін жеткен. Соғыстан соң Будапеште әскери қызметін жалғастырып, 1950 жылы бейбіт өмірге оралған.

Ардагердің жауынгерлік ерлігі мен бейбіт өмірдегі еңбегі жоғары бағаланып, «Құрмет» орденімен және «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Праганы алғаны үшін» медальдарымен марапатталған.

Ерлік пен елдік үлгісін көрсеткен ардагерге көрсетілген бұл құрмет – бүгінгі ұрпақтың алғысы мен тағзымы. Жеңісті жақындатқан жауынгерлердің өмір жолы – ел жадында мәңгі сақталатын ұлы аманат.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

«АРДАГЕРЛЕР АЛЛЕЯСЫ»

Алматыдағы 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта ашылды



Жеңістің 80 жылдығына арналған экологиялық акция аясында Алматыдағы әр ауданда Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің аллеясы ашылды. Бұл экоакция «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы мен «Алматы – біздің ортақ үйіміз» жалпықалалық науқан аясында ұйымдастырылды.

28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында өткен ҰОС ардагерлерінің Аллеясының салтанатты ашылуына шаһар басшысы Ерболат Досаев, соғыс ардагерлері, олардың отбасы мүшелері, Қазақстанның еңбек сіңірген танымал өнер адамдары және қоғам өкілдері қатысты.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай, Жетісу ауданының «Көкмайса» ықшамауданында тағы бір «Ардагерлер аллеясы» ашылды. «Көкмайса» саябағының ашылу салтанатына аудан ардагерлері, тұрғындар, қалалық Мәслихат депутаттары, сонымен қатар қала әкімі аппаратының басшысы қатысты. Сондай-ақ, №102 мектептің «Жас сақшы», «Жас сарбаз» және «Жас шекарашы» мүшелері қатысты.

Шаһардағы «Жангелдин атындағы саябақ» Жангелдин мен Рысқұлов көшелерінің қиылысына орналасқан. Осынау саябақ төрінен былтыр «Ардагерлер аллеясы» ашылған болатын. Бұл тек Жетісу ауданының қарияларына ғана емес, қаладағы барлық ардагерлерге көрсетіліп отырған құрмет болса керек. Сондықтан саябақ Алматы қаласының қариялары жиі бас қосатын, түрлі жиындар өткізетін орынға айналған. Аталмыш аллея аумағы өте көлемді әрі шаһардағы көрікті жерлердің бірі. Мұнда ағаштың бірнеше түрі өседі. Биыл саябақ тағы да 100 қылқан жапырақты көшетпен толықты.

Саябақта Жетісу ауданда тұрып жатқан Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл және еңбек ардагерлері, зейнеткерлер жиі бас қосады. «Таза Қазақстан» акциясына өз үлесін қосқан аудан қарттары қолына күрек алып, көшет отырғызды. Қазіргі таңда ауданда 22 мыңнан

– Мемлекет басшысы әскери шерудегі сөзінде: «Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлем үшін үлкен сабақ. Біз осы ақиқатты әрдайым есте сақтауымыз керек», – деп атап өтті. Біз бейбіт өмір сыйлаған жандарды ешқашан ұмытпауымыз қажет. Жеңістің 80 жылдығына орай Алматыда бұл мерейтой ерекше форматта атап өтілуде: қаланың барлық ауданында бір мезетте ардагерлер аллеясы ашылды. Бұл жерлерді әр аудан тұрғыны біліп, барып, батырларымыздың рухына тағзым еткенін қалаймын.

Алматыда бүгінде 21 соғыс ардагері тұрады – бұл республика бойынша ең үлкен көрсеткіш. Біз соңғы екі жылда өмірден озған ардагерлерді де құрметпен еске аламыз. Барлығы 29 ағаш

егілді. Бұл аллеялар болашақ ұрпақ – балаларға, немере-шөберелерге бағытталған, қайсарлықты, Отансүйгіштікті еске салып тұратын тірі ескерткішке айналады, – деді Ерболат Досаев.

Шаһар басшысы ардагерлердің туыстарымен бірге аллеяға биіктігі 6 метр болатын жөке ағашын отырғызды. Әр ағаштың жанына ардагердің аты жазылған арнайы тақтайша орнатылды. Жөке – өміршендіктің, жад пен рухтың белгісі. Сол себепті, оны соғыс ардагерлерінің құрметіне жиі отырғызады. Бұл келешекке бейбіт өмір сыйлаған жандардың құрметіне қойылған тірі ескерткіш. Ағаш отырғызу кезінде заманауи әдістер мен технологиялар қолданылды: ағашты тік ұстауға арнал

ған қайың тіректер, сондай-ақ, тамыр арқылы суару жүйесі орнатылды. Ардагерлердің ұрпақтары аллея ашып, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімін есте сақтауға жағдай жасағаны үшін қала басшысына алғыс білдірді.

– Биыл біз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын атап өтеміз. Осындай аллеяны қолға алып, жүзеге асырғаны үшін алғысымыз шексіз. Бұл жерге біздің ұрпағымыз келіп, бұл ағаштарды аталары отырғызғанын еске алады, – деді былтыр қазанда 100 жасқа толған ҰОС ардагері Қамбар Сәрсенов.

Бұл күні, 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында биіктігі 6 метрлік 29 атаулы жөке ағашы отырғызылды. Жалпы, ҰОС ардагерлерге арналған ашық аллеяларға 200 түп ағаш егілді.



астам зейнеткер тұрып жатыр. Солардың қатарында Ұлы Отан соғысының ардагері Илья Кудин де бар.

Бүгінде «Ардагерлер аллеясында» Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған тағы-

лымды іс-шаралар дәстүрлі түрде ұйымдастырылып тұрады. «Бұл саябақ тек біздің ауданның ғана емес, бүкіл қаламыздың ардагерлері бас қосатын демалыс орны», – дейді Жетісу ауданы

Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызы.

**Бетті әзірлегендер
Рая ЕСКЕНДІР,
Досбол АТАЖАН.**